

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

ЗАҢ ИНСТИТУТЫ

АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ПӘНДЕР КАФЕДРАСЫ

**«Қазақстан Республикасының азаматтық процестік құқығы»
пәні бойынша
«Азаматтық процестік құқығы құқық саласы ретінде»
тақырыбында әзірленген
ДӘРІС**

**Әзірлеген: азаматтық-құқықтық пәндер
кафедрасының аға оқытушысы,
полиция майоры А.А. Қалиев**

**Азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының ПӘС отырысында
талқылынып, мақұлданған. 2016 ж. «__» _____ №__ хаттама.**

ҚАРАҒАНДЫ 2016

ЖОСПАР:

Кіріспе

1. Азаматтық процестік құқығының ұғымы, пәні, әдісі жүйесі және қайнар көздері.
2. Азаматтық процестік құқығы қағидаларының ұғымы, мазмұны, жүйесі.
3. ПО қызметкерлерімен азаматтық процестік құқығын оқудың маңызы.

Қорытынды

Қолданылған нормативтік-құқықтық актілер мен әдебиеттер.

Кіріспе

Азаматтық процестік құқығы жоғары білім беру орындарының меңгеруге міндетті оқу пәндерінің тізбесінде баяғыдан келе жатқан пән. Кез-келген заңгер маман азаматтық процестік құқығының нормаларынсыз өз қызметін жүзеге асырмайды. Азаматтық процестік құқығын меңгеруге ардайым аса көңіл бөлінген, себебі ол бір жағынан күрделі құқық саласы, екінші жағынан оқу процесінде қарастырылатын нормативтік құқықтық актілердің көлемі өте кең. Сондықтан оны меңгеруде азаматтық процестік құқығының қандай құқық саласы, қазақстандық құқық салаларының ішіндегі алатын орны, атқаратын рөлі, маңыздылығы, басқа құқық салаларымен ара-қатынасы, реттейтін қоғамдық қатынастардың шеңбері, қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу әдістерінің жиынтығы, оның жүйесі мен қайнар көздері және қағидалары сияқты негізгі басты ұғымдар мен санаттар, құқықтық институттар мазмұнын ашып алған жөн.

Жалпы кез-келген құқық саласы бір жүйеге келтірілген құқық нормалары мен ережелердің жиынтығы. Заңнамада субъектілердің құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғауды жүзеге асыруы әр түрлі құқық салаларының реттеу пәні болып табылады. Бұл орайда құқықтық қорғану құралдары мен нысандары әр құқық саласына тән болып келеді. Бұл орайда қалыптасқан құқықтық қорғанудың 5 нысанын атап өту қажет:

- 1) соттық;
- 2) қоғамдық (аралық соттарда, медиация институты арқылы, даулы құқықты қарастыру комиссиялары (бітімгерлік, келісім) арқылы және т.б.)
- 3) нотариалдық;
- 4) әкімшілік (мемлекеттік атқарушы және өкілді органдар арқылы);
- 5) өзін-өзі қорғау (құқығы бұзылған тұлғаның өз іс-әрекеті арқылы).

Осы жерде қарастырылып отырған құқық саласының негізгі атрибуты болып табылатын "соттық қорғану" нысанына тоқталуымыз қажет. себебі азаматтық процестік құқығы былайша айтқанда дәл сол соттық қорғануды қамтамасыз ететін, оның тәртібі мен негізгі бастауларын анықтайтын құқық саласы. Олар бір-бірінен мүмкін емес.

Оның үстіне Ата заңымыздың баптарында белгіленген: "Әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы", " "әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар", "Әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі", "Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең" деген негізгі құқықтар мен кепілдіктер азаматтық процестік құқық саласының ең басты қозғаушы күштері болып табылады. Бұл ережелердің жалғасы азаматтық процестік құқығы нормаларынан жалғасын табады.

1. Азаматтық процестік құқығының ұғымы, пәні, әдісі.

Азаматтық процестік құқығы – бұл азаматтық процестік заңдарында соттың құзыреттілігіне жатқызылған талап қою және өзге істерді қарау мен шешу барысында сот төрелігін атқару мен шешімді орындау кезінде сот пен басқа субъектілер арасында туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін құқық нормаларының жиынтығы.

Басқаша айтқанда, азаматтық процестік құқығымен азаматтық процестік әрекеттер мен қатынастар реттеледі.

Ал құқық саласының атауымен тығыз байланысты ұғым болып табылатын **азаматтық процес** – бұл сот пен басқа субъектілер арасында азаматтық істі қарау мен шешу кезіндегі туындайтын азаматтық процестік құқығының нормаларымен реттелген азаматтық процестік қатынастар мен процесстік іс-әрекеттердің жиынтығы.

Құқық саласының **басты мақсаты** – бұзылған құқықты қалпына келтіру немесе заңмен қорғалатын мүддені қорғау, ал **міндеті** – азаматтардың, мемлекеттің және ұйымдардың бұзылған немесе даулы құқықтарын, бостандықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау, заңдылық пен құқық тәртібін нығайту, құқық бұзушылықтың алдын алу болып табылады.

Қазақстан Республикасының азаматтық процестік кодексі (одан әрі – АПК) азаматтық іс жүргізудің келесі түрлерін белгілейді:

1) талап қою бойынша іс жүргізу (АПК 14-16 тарауында қарастырылған іс жүргізу);

2) ерекше талап қою бойынша іс жүргізу (АПК 27-30 тарауларында белгіленген істер бойынша іс жүргізу);

3) ерекше іс жүргізу (АПК 31-49 тарауларында белгіленген істер бойынша іс жүргізу);

4) бұйрық арқылы іс жүргізу (АПК 12 тарауында қарастырылған іс жүргізу);

5) оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу (АПК 13 тарауында қарастырылған іс жүргізу);

6) сырттай іс жүргізу (АПК 21 тарауында қарастырылған іс жүргізу).

Азаматтық процестік құқығының өзіне тән ерекшеліктері бар қоғамдық қатынастардан тұратын пәні бар. Оның пәніне азаматтық іс жүргізу (талап қоюдан бастап қойылған талап бойынша шешім шығаруға дейінгі) барысында және соттың шығарған шешімін орындау барысындағы сот және басқа да субъектілер арасындағы қоғамдық қатынастар жатады. Бұл қатынастар процессуалдық қатынастар.

Азаматтық процестік құқығының пәнін құрайтын қоғамдық қатынастардың **2 түрін бөліп көрсетуге болады:**

1) **Азаматтық іс жүргізу құқық қатынастары** – бұл бір жағынан мүдделі тұлғалардың, екінші жағынан сот органдары арасында қалыптасатын қатынастар.

Мұндай мүдделі тұлғалар ретінде азаматтық, отбасылық, еңбек, экологиялық, сақтандыру, қаржы және басқа да құқық салаларының субъектілері ретінде болатын азаматтар мен ұйымдар табылады. Бұл қатынастардың мәнісі дәлелдемелерді жинауды, оларды зерттеуді, баға беру мен істің нақты мән-жайларын орнату мен мүдделі тұлғалардың құқықтары мен міндеттерін анықтауды, сонымен қатар, егер олар бұзылған кезде осы құқықтарды қорғауды білдіреді. Осы қоғамдық қатынастар азаматтық процестік құқығының пәнін құрайды.¹

Сонымен қатар, З.Х. Баймолдина көрсеткендей: «Азаматтық процестік құқығының пәнін процестік заң нормаларымен реттелген азаматтық дауды қарау мен шешу кезіндегі, сонымен бірге, соттармен шығарылған актілерді орындау бойынша сот пен іске қатысушылар арасындағы қоғамдық қатынастар құрайды».² Бұл қоғамдық қатынастар бірінші, апелляциялық және кассациялық сатыларға, жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша іс жүргізуге, сонымен қатар, атқарушылық іс жүргізуге қатысты пайда болады.

2) Азаматтық, еңбек, отбасылық және т.б. құқық салаларындағы **материалдық құқық қатынастар**. Мұндай қатынастар мүдделі тұлғалардың арасында қалыптасады, сондықтан да соттың бұндай қатынастарға тікелей қатысы жоқ. Мүдделі тұлғалардың арасындағы материалдық-құқықтық қатынастар сотқа талап арыз берілгеннен кейін соттық қарастырудың объектісі болып табылады. Бұл азаматтық іс жүргізудің барлық сот қызметі бағытталған қатынастары. Сондықтан мұндай қатынастарды азаматтық процестік құқығының жанама құқықтық реттеу пәні деп айтуға болады.

Азаматтық процестік құқығының оның пәніне кіретін қатынастарды құқықтық реттеуге бағытталған әдістері бар.

Азаматтық процестік құқығының әдісі – бұл азаматтық іс жүргізу құқыққатынастарын реттеуге бағытталған амал, тәсілдердің жиынтығы.

Жалпы құқық теориясындағы барлық құқық салаларына тән әдістер де азаматтық процестік құқығының әдістері болып табылады. Олар **императивтік және диспозитивтік** әдістер.

Азаматтық процестік құқығы әдісінің басты ерекшелігі өзара қарама-қайшы келетін 2 әдістердің бір мезгілде кездесуінде болып отыр, онда – бір жағынан, билік пен бағыну қатынастары болса, екінші жағынан, диспозитивтік бастамалар болады. Сондықтан «азаматтық процестік құқығы азаматтық істер бойынша сот ісін жүргізу саласындағы қоғамдық қатынастарды императивтік және диспозитивтік әдістердің қосындысымен реттейді».³

¹Елисейкин П.Ф. Предмет и система гражданского процессуального права как отрасли науки. М., 1992 г.

²Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан. Учебник. Алматы: КазГЮА, 2001ж.

³Шакарян М.С. Реализация права на судебную защиту по ГПК // Проблемы применения и совершенствования ГПК РСФСР. –Калинин: КГУ, 1984 г.

Императивтілік азаматтық процестік құқықатынастарына қатысушылардың, яғни, сот пен іске қатысушылардың құқықтық жағдайымен айқындалады. Азаматтық процес – бұл көбінесе соттық қызмет, яғни, билік қызметі, өйткені сот мелекеттік орган, мәжбүрлеуші орган. Сондықтан да, азаматтық процестік құқығының әдісінде сот органдарының билігі негізгі орын алады, ал қалған қатысушылар оның заңды талаптарына бағынуы керек (мысалы, қажетті жағдайларда сот алимент төлеуден жалтарып жүрген жауапкерді мәжбүрлеп келтіру, оның мүмкінен өндіріп алу сұрақтарын көтеруі мүмкін).

Сонымен қатар, азаматтық процестік құқығының әдісі диспозитивті де болып келеді. Кейбір авторлар бұндай әдісті “диспозитивті-рұқсат етуші” деп те атайды.⁴ Диспозитивтілік азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қорғалуға жататын құқықтардың сипатымен айқындалады. Азаматтық құқық субъектілері өз құқықтарына билік ету бойынша әрекеттер жасауда толығымен ерікті болып келеді. Сондықтан да даулы материалдық құқық қатынастары субъектілерінің диспозитивті әрекеттері азаматтық процестік құқығы әдісінде де орын алады. Азаматтық іс жүргізу, әдетте, мүдделі тұлғаның сот органдарына талап арызымен жолдануынан басталады. Соттың өз бастамасы бойынша азаматтық іс қозғауға құзыреті жоқ. Азаматтық іс жүргізудің алға жылжып отыруы және одан әрі жалғасын табуы құқық туралы дау субъектілерінің еріктеріне байланысты болады.

Азаматтық процестік құқығының жүйесі және қайнар көздері

Азаматтық процестік құқығының жүйесі - бұл құқықтық реттеу пәнінің сипатымен негізделген құқықтық нормалар мен институттардың жиынтығы.

Азаматтық процестік құқығының жүйесі 2 бөлімнен тұрады: **жалпы және ерекше** бөлім.

Жалпы бөлім негізгі ережелерден тұрады. Олар азаматтық іс жүргізудің жалпы сұрақтарын реттеуге арналған. Жалпы бөлім **келесі құқықтық институттардан тұрады** (1-12 тараулар):

- 1) Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасы;
- 2) азаматтық сот ісін жүргізудің міндеттері мен қағидаттары;
- 3) ведомстволық және соттылық;
- 4) соттың құрамы, қарсылық білдірулер;
- 5) іске қатысатын адамдар;
- 6) сотта өкілдік ету;
- 7) дәлелдемелер және дәлелдеу;
- 8) сот шығыстары;
- 9) сотқа құрметтемеушілік білдіргені үшін жауаптылық шаралары;
- 10) процестік мерзімдер;
- 11) сот хабарлаулары мен шақырулары.

⁴Треушников М.К. Судебное разбирательство гражданских дел. –М.:Госюриздат, 2000 г.

Азаматтық процестік құқығының ерекше бөлімі азаматтық іс жүргізудің сатылары бойынша істерді қарастыру мен шешудің тәртібін реттейтін нормалар мен құқықтық институттардан тұрады. **Олардың қатарына:**

- 1) бірінші саты сотында іс жүргізу, оның ішінде:
 - бұйрық арқылы іс жүргізу;
 - оңайлатылған іс жүргізу;
 - талап қою бойынша іс жүргізу;
 - ерекше талап қою бойынша іс жүргізу;
 - ерекше іс жүргізу;
 - сырттай іс жүргізу;
- 2) жоғалған сот ісін жүргізуді немесе атқарушылық іс жүргізуді қалпына келтіру бойынша іс жүргізу;
- 3) сот актілерін қайта қарау бойынша іс жүргізу, оның ішінде:
 - апелляциялық саты сотында іс жүргізу;
 - кассациялық саты сотында іс жүргізу;
 - сот актілерін жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау жөніндегі іс жүргізу;
- 4) шетелдік тұлғалар қатысатын істер бойынша іс жүргізу (халықаралық процесс).

Азаматтық процестік құқығының қайнар көздері. Қай құқық саласы болмасын, «оның қайнар көздері ретінде құқықтық мағынада алғанда мемлекеттік актілер есептеледі»⁵ Қазақстан Республикасында құқықтың қайнар көздері ретінде нормативтік құқықтық актілер танылады. Осының негізінде **азаматтық процестік құқығының қайнар көздеріне** өзіне азаматтық процесстік нормаларды қамтыған, азаматтық сот ісін жүргізу саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жатқызуға болады.

Мұндай актілер жүйесі Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасын құрайды. Азаматтық процестік заңнамасына қатысты ережелер Қазақстан Республикасы АПК 1 тарауында белгіленген. (1-3 баптар).

Сот билігін іске асыру саласындағы қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілердің тізімі өте кең. Қазақстан Республикасының 1998 жылы 24 наурызда қабылданған «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңының 4 бабында белгіленген олардың иерархиясын ескере отыра⁶, **келесі топтарға бөлуге болады:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30.08.1995 ж.
2. **Қазақстан Республикасының Конституциялық заңдары мен заң күші бар актілері:**

⁵Явич Л.С. Общая теория права. – Л.:ЛГУ,1976.

⁶Қазақстан Республикасының «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңы. 1998 жылы 24 наурыз. Информационно-правовая система Параграф. <http://online.zakon.kz/>.

- «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» 2000 ж. 25 желтоқсанындағы Конституциялық Заңы;

- «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңес туралы» 1995 жылғы 29 желтоқсандағы Конституциялық заңы.

3. Бір деңгейдегі нормативтік құқықтық актілер – Қазақстан Республикасының кодекстері, заңдар, Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар жарлықтары. **Оларға:**

- Қазақстан Республикасының 2015 жылдың 31 қазанда қабылданған Азаматтық процесілік кодексі;

- Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексі. 2008 жылғы 10 желтоқсан.

- Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» 1995 ж. 21 желтоқсандағы Заңы.

- Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет туралы» 1997 ж. 5 желтоқсандағы Заңы.

- Қазақстан Республикасының «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» 2010 ж. 2 сәуірдегі Заңы және т.б.

4. Өздеріне процессуалдық нормаларды қамтыған, мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастарды реттейтін басқа да заң актілері:

- Қазақстан Республикасының 1994 жылдың 27 желтоқсанында қабылданған Азаматтық кодексі (жалпы бөлім);

- Қазақстан Республикасының 1999 жылдың 01 шілдесінде қабылданған Азаматтық кодексі (ерекше бөлім);

- Қазақстан Республикасының 2015 жылдың 23 қарашасында қабылданған Еңбек кодексі;

- Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 ж. 31 тамыздағы Заңы;

- Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 ж. 16 сәуірдегі Заңы;

- Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» 2011 ж. 26 желтоқсандағы Кодексі және т.б.

Қазақстан Республикасының “Нормативтік құқықтық актілер туралы” Заңының 4-б. 4 тармағына сәйкес, көрсетілген қайнар көздер ішінде Қазақстан Республикасының Конституциялық кеңесі мен Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары дербес орын алады. Атап айтсақ, келесі қайнар көздерді келтіруге болады:

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Азаматтық істерді соттың қарауына әзірлеу туралы» 2001 жылғы 13 желтоқсандағы № 21 Нормативтік қаулысы;

2. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың азаматтық іс жүргізу заңнамасының кейбір нормаларын қолдануы туралы» 2003 жылғы 20 наурыздағы № 2 Нормативтік қаулысы;

3. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы істерді қараған кезде заңды қолдануы туралы» 2000 жылғы 28 сәуір № 5 нормативтік Қаулысы;

4. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың бала асырап алу туралы істерді қарау кезінде неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» 2000 жылғы 22 желтоқсандағы № 17 Нормативтік қаулысы

5. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Қазақстан Республикасы соттарының азаматтық істер бойынша сот шығындары туралы заңдарды қолдануы туралы» 2006 жылғы 25 желтоқсандағы № 9 Нормативтік қаулысы;

6. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың еңбек дауларын шешу кезінде заңнамаларды қолдануының кейбір мәселелері туралы» 2003 жылғы 19 желтоқсандағы № 9 Нормативтік қаулысы;

7. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңы және т.б.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-б. 1 т. сай құқықтың қайнар көздері болып табылады, ал, нормативтік емес сипаттағы қаулылар, керсінше, олардың қатарына жатпайды, олар құқықтық нормаларды соттық талқылаудың актілері ретінде қарастырылады. Дегенмен, мұндай қаулылар нақты істер бойынша соттармен құқық нормаларын қолдануда міндетті болып келеді. Жоғарғы Сот азаматтық, қылмыстық, жергілікті және басқа да соттарда қаралатын өзге де істер жөніндегі жоғарғы сот органы болып табылады және заңда көзделген іс жүргізу нысандарында олардың қызметін қадағалауды жүзеге асырады, сот практикасының мәселелері бойынша түсініктемелер беріп отырады (Қазақстан Республикасы Конституциясының 81-б.).

2. Қазақстан республикасының азаматтық процестік құқығы қағидаттарының ұғымы, мазмұны, жүйесі

Азаматтық процестік құқығының қағидаттары туралы әр түрлі анықтамалар берілген.

Азаматтық процестік құқығының қағидаттары деп оның іргелі ережелерін, азаматтық істер бойынша сот әділеттілігі туралы негіз қалаушы идеялар мен бастауларды атайды.⁷ Сонымен қатар, азаматтық процестік құқығы нормаларында бекітілген идеялық-саяси, басшылыққа алынатын ережелер, олар процестің құрылымын, табиғатын анықтайды, азаматтық процесстік құқығының әрбір нормасы мен институты қағидаттарға сүйеніп құрылады.⁸

Сонымен, азаматтық процестік құқығының қағидаттары азаматтық процестің барлық нормалары мен институттарын қамтитын азаматтық сот өндірісі жөніндегі нормалардың мазмұнын негіздейтін бастама ережелер.

Азаматтық процестік құқығы қағидаттары әр түрлі нысандарда көрініс таба отыра:

1. Нақты бір норма-қағидаттар түрінде қалыптасатындарға бөлінеді, мысалы: сот төрелігін тек қана соттың жүзеге асыруы (АПК 7 б.), судьялардың тәуелсіздігі (АПК 12 б.), барлық адамдардың заң мен сот алдындағы теңдігі (АПК 13 б.), сотта істі қараудың жариялылығы (АПК 19 б.) және т.б.;

2. Құқық салалары мен институттарының жалпы ережелерінде көрініс тапқан, бір қатар іс жүргізушілік нормалар мазмұнынан шығатындарға бөлінеді, Мысалы, диспозитивтік, соттардың ауыспайтындығы және т.б.

Азаматтық процестік құқығының қағидаттары туралы сұрақтар көптеген ғалым-процессуалистердің (М.Г. Авдюков, П.П. Гуреев, М.А. Гурвич, П.Ф. Елисейкин, В.М. Семенов, Н.А. Чечина және т.б.) ғылыми зерттеулерінің нысанасы болып табылады. Олар қағидаттардың ұғымы мен мәнін аша отыра, олардың көпқырлығын атап өтеді.

Атап айтқанда, П.П. Гуреев, қағидаттар азаматтық процестің мәнін сипаттайтын және азаматтық істерді қарастыру мен шешуде объективтік шындықы сотпен анықтауға мүмкіндік беретін, сот әділеттілігін жүзеге асыру саласындағы идеялар мен көзқарастарды білдіретін сотты қызметін ұйымдастыру мен оның негізгі құқықтық бастамасын түсіндіреді дейді⁹.

М.А. Гурвич болса, осы қағидаттар барлық іс жүргізу институттар жүйесі үшін маңыздылығы бар басшылыққа алынған ережелер, олар азаматтық процестік құқығының маңызды белгілерін ашып көрсетеді және өзінің мазмұны бойынша азаматтық істерді қарастыру мен шешудегі сот

⁷Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан. Учебник. Алматы: КазГЮА, 2001ж., 67 б.

⁸Гражданский процесс / Под ред. Ю.К.Осипова. М., 1995. – 22 б.

⁹А.Ф. Воронов, Гражданский процесс: эволюция диспозитивности. М.: Статут, 2007. www.twirpx.com/file/.

қызметінің міндеттері мен құралдарына деген құқықтық көзқарастар болып табылады.¹⁰

Осы көзқарастарға сүйене отыра **келесі қорытындыларды жасауға болады:**

біріншіден, қағидаттар қоғамның экономикалық базисімен негізделеді және қоғамдық өмірдің маңызды заңдылықтары мен ұстанымдарын көрсетеді;

екіншіден, билік етуші халықтың идеялары мен теориясының алғы шарты болып келеді;

үшіншіден, құқықтың басты нормативтік негізі, азаматтық процестік құқығы мен заңнамасының барлық жүйесінің бастамасы;

төртіншіден, құқықтық жүйенің демократиялық деңгейін білдіреді;

бесіншіден, азаматтық процестің мәнін, азаматтық процестік құқығы саласының маңызды белгілерін сипаттайды;

алтыншыдан, азаматтық процестік құқығы пәні мен құқықтық реттеу әдісінің өзінділігін сипаттайды;

жетіншіден, азаматтық процестік құқығы саласының даму тенденциясын негіздейді.

Қазақстан Республикасының азаматтық сот өндірісін реттейтін қолданыстағы заңнама азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен бостандықтарына және заңды мүдделеріне кепілдікті қамтамасыз ететін демократиялық құқықтық жүйені құруға бағытталған.

Қағидаттар сот практикасының құқық шығармашылық және құқық қолдану қызметі үшін маңызды рөл атқарады. Қазіргі таңда заңгерлік қызмет қағидаттары мен жекелеген процестік ғылымның қағидаттарын зерттеу келесі себептерге байланысты маңызды мәнге ие болады.

Біріншіден, қоғамдық, экономикалық қатынастардың түбегейлі өзгеруі қағидаттарды бастапқы және басшылыққа алынған ережелер тұрғысынан қайта қарастыруды талап етеді. Қоғамның экономикалық, саяси, әлеуметтік және басқада салаларында болған өзгерістер құқықтық «өмірдің» өзгеруіне әкеліп соқтырды. Құрылған жаңа құқықтық база, соның ішінде азаматтық процесстік заңнама төмендегі әр түрлі аспектілер тұрғысынан бағалауды талап етеді:

1) сот әділеттілігі туралы заңнаманың құқықтық және әлеуметтік мемлекетті құру идеясына жауап беруі;

2) материалдық құқық қатынастардың азаматтық процестік құқығы қағидаттары мен нормалары арқылы реттелуі;

3) азаматтық процестік құқығының жекелеген қағидаттарының материалдық құқық салаларының қағидаттары мен нормаларына жауап беруі.

Екіншіден, заңнамада бекітілген азаматтық сот өндірісі қағидаттары олардың толықтығы мен маңыздылығы тұрғысында қайталап талдау жасап

¹⁰Гурвич М.А. Принципы советского гражданско процессуального права //Вопросы гражданско процессуального, гражданского и трудового права: Труды. М., 1965.Т.III // Гурвич М.А. Избранные труды. Т. II, Краснодар, 2006. [http:// books.google.kz](http://books.google.kz)

отыруды талап етеді. Қоғамның даму кезіндегі нақты тарихи жағдайлар құқыққа қайғадаттары үлгілік жүйесінің қалыптасуын алғышарттайды.

Азаматтық процесстік заңнама саласындағы құқық шығармашылық қызметі қазіргі таңдағы азаматтық істер бойынша сот әділеттілігі туралы идеяларға сәйкес жүзеге асырылады, **олардың мәні мыналарда:**

1) тұлғаның ісін әділ, әрі жан-жақты сотпен заңның барлық талаптарын сақтай отыра қарастыруға кепілдік беру және оның бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қайта қалпына келтіруді қамтамасыз ету (заңдылық және судьялар тәуелсіздігі қағидаттары);

2) заңды және негізделген шешімдерді шығаруға мүмкіндікті қамтамасыз ететін азаматтық процесстің жарыспалылығын құру (азаматтық іс жүргізуге қатысушылардың тең құқықтылығы мен тараптардың жарыспалылығы қағидаттары);

3) азаматтық істер тараптарының өкілеттіктері аясындағы мемлекеттің немесе оның органдарының жеке-құқықтық (даулы) қатынастарға қатысуына шектеу жасау, сонымен қатар, іс бойынша дербес мүдделері бар тұлғалардың со актілеріне шағым бере алуы (диспозитивтік қағидаттар).

Соттың құқыққолдану қызметінде процесстік нормалардағы азаматтық сот өндірісінің жалпы бастауларын түсінбей дұрыс талқылау мен қолдану да мүмкін емес. АПК 5-б. азаматтық сот ісін жүргізудің АПК жазылған қағидаттар негізінде жүзеге асырылатындығын белгілейді, егер азаматтық сот ісін жүргізу қағидаттарын бұзылса, онда оның сипаты мен елеулілігіне қарай шығарылған сот актілері өз күшін жояды.¹¹

Азаматтық істерді қарастыру мен шешудегі сот қызметі негізгі идеяларға, сот әділеттілігінің бастамасына сәйкес жүзеге асырылуымен қатар, оларға толығымен бағынуы қажет. Құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуді көздейтін сот билігі азаматтық істер бойынша сот әділеттілігіне қол жеткізудің негізгі бастауларын бұзбауы тиіс, олай болмаған жағдайда бұл мемлекеттік биліктің осы тармағының мәні мен мақсатына қарама-қайшы болар еді. Соттар қоғамда нақты билікті иеленулері керек, бұл олардың беделімен және тәуелсіздігімен қамтамасыз етіледі. Тек осындай сот ғана сот әділеттілігін жүзеге асыра алады.

Азаматтық сот өндірісінің қағидаттарын сақтау және сот пен іске қатысушылардың іс жүргізу әрекеттерін жетілдіру – азаматтық сот өндірісі міндеттерін орындаудың міндетті шарты болып табылады.

Барлық қоғамдық қатынастар, соның ішінде сот әділеттілігі саласындағы қатынастар да толық жетілген құқықтық реттеумен қамтамасыз етілген деп айта алмаймыз. Азаматтық процесстік заңнамада кемшіліктер (жетіспеушіліктер) анықталған жағдайда құқық пен заңның ұқсастығын (аналогиясы) қолдану арқылы шешіледі. Құқықты ұқсастық бойынша талқылау және одан кейін іс жүргізушілік шешімдерді

¹¹Қазақстан Республикасының азаматтық процесстік кодексі. 2015 жыл 31 қазан. Информационно-правовая система Параграф. <http://online.zakon.kz/>.

кабылдауда дұрыс қолдану азаматтық процестік құқығы қағидаттарының негізінде ғана жүзеге асыру мүмкін болады.

Кемшіліктерді (жетіспеушіліктерді) толықтыру әдісі ретінде құқық немесе заң ұқсастығын қолдану кеңінен қолданыс таппаған. Ұқсастық бойынша құқық қолдану құқық бекіту қызметінде, әсіресе, азаматтық, отбасылық және еңбек құқығы салаларында кеңінен қолданылады. Материалдық құқық саласындағы кемшіліктерді жою үшін ұқсастықты қолдану мүмкіндігі азаматтық процестік заңмен де ескерілген. Мысалы, АПК 6-б. 4-т. сәйкес, даулы құқықтық қатынастарды реттейтін құқық нормалары болмаған жағдайда, сот ұқсас қатынастарды реттейтін құқық нормаларын қолданады, ал мұндай нормалар болмаған кезде, Қазақстан Республикасы заңнамасының жалпы негіздері мен мағынасын негізге ала отырып, дауды шешеді, 5-т. сәйкес, егер заңда немесе дауласушы тараптардың келісімінде тиісті мәселелерді соттың шешуі көзделсе, сот бұл мәселелерді әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып шешуге міндетті.

Азаматтық процестік құқығы қағидаттарының жүйесі. Азаматтық сот өндірісі азаматтық процестік құқығының нормаларында бекітілген бірнеше басты негіздерге сүйенеді. Сол себепті бір емес, бірнеше процестік құқықтық қағидаттардың әрекеті ұысынылады. Олар азаматтық істер бойынша сот әділеттілігін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Азаматтық процестік құқығының қағидаттары өзара сабақтасқан, бір бірімен тығыз байланысты және өзара әрекеттесіп отырады. Сол себепті олар толық құрылымды, яғни, жүйені құрайды. Құқықтық құбылыстардың біртекті жиынтығы ретінде осы жүйе азаматтық сот өндірісінің мәнін және азаматтық процестік құқығының маңызды белгілерін сипаттайды.

Қағидаттар бір бірімен сабақтасып, өзара логикалық тұрғыда байланысуы тиіс. Бір қағидаттарды бұзу басқасының немесе барлығының бұзылуына әкеліп соқтыруы мүмкін.¹²

Сонымен, **азаматтық процестік құқығы қағидаттарының жүйесі** – бұл құқық саласының тиісті тәртіпте бекітілген, біртұтас, логикалық тұрғыда өзара байланысқан барлық қағидаттарының жиынтығы. Қазақстан Республикасының азаматтық процестік қағидаттары Конституцияда, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Конституциялық заңында, АПК-де бекітілген.

Қағидаттардың жіктелуі жөніндегі сұрақтар бойынша әр түрлі пікірлер айтылған. Бірқатар ғалымдар (А.Ф. Клейман, Н.А. Чечина және т.б.) жүйе қағидаттардың нормативтік көрініс табуы нысанына байланысты құрылады деп пайымдайды.¹³ Осы белгіге орай азаматтық процестік құқығы қағидаттарын **келесі 2 топқа бөлуге болады:**

¹²Гражданский процесс: Учебник. 2-е изд., перераб. и доп. / Под ред. М.К. Треушникова. М.: ОАО «Издательский Дом “Городец”», 2007.

¹³Гражданский процесс: Учебник / Под ред В. А. Мусина, Н. А. Чечиной, Д. М. Чечота. М., 2000.; А.Ф. Клейман. Избранные труды. В 2-х томах. Краснодар, 2008 г. <http://books.google.kz>

1. **Конституциялық**, яғни, Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген қағидаттар. Мысалы, заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең (14-б.), Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады (75-б. 1 тармағы), соттардың тәуелсіздігі және олардың Конституцияға және заңға бағынуы, сот төрелігін іске асыруда соттың қызметіне араласуға тиым салу (77-б. 1 және 2-т.), соттардың ауыспайтындығы және тағайындалатындығы (сайлануы) (79-б. және 82-б.);

2. **Салалық**, яғни, азаматтық процестік заңдарда бекітілген қағидаттар. Мысалы, жариялық, сот өндірісінің ауызша және тікелей жүргізілуі және т.б.

Заңгер ғалым В.М. Семеновтың пікірі бойынша азаматтық іс жүргізудің қағидаттарын басқа негіздерге сүйене отыра жіктеуге болады¹⁴.

Атап айтқанда, құқықтың бір немесе бірнеше саласында қолданылуына байланысты тек азаматтық сот өндірісіне қатысты салалық қағидаттарға (мысалы, диспозитивтік) және құқықтың бірнеше салаларында қолданылатын салааралық қағидаттарға (мысалы, жариялық, сот жарыссөздерінің ауызша өтуі, нақтылық) жіктеуге болады. Қағидаттардың көпшілігі азаматтық процестік құқығында, қылмыстық процестік құқығында сот қызметінде бір уақытта әрекет ететін салааралық қағидаттар, себебі аталған салалар сот қызметін ұйымдастыру саласындағы қатынастарды реттейді.

Іс жүргізу субъектілерінің құқықтық жағдайы мен іс жүргізу қызметінде қағидаттардың атқаратын рөліне орай келесі қағидаттарды ажыратуға болады:

1) соттардың қызметін реттейтін (мысалы, сот әділдігін тек сотпен жүзеге асыру, соттардың тәуелсіздігі және олардың тек заңға бағынуы, істерді жеке дара және алқалы құрамда қарастыру);

2) іске қатысушы тараптар мен іс жүргізудің басқа қатысушыларының қызметін реттейтін (мысалы, диспозитивтік, іс жүргізудегі тараптардың теңдігі және т.б.).

М.А. Гурвич азаматтық іс жүргізу қағидаттарын құқықтық реттеу объектісіне байланысты жіктей отыра **келесі 2 топқа ажыратады**¹⁵:

1) сот әділеттілігін ұйымдастыратын қағидаттар (ұйымдастырушылық-функционалдық);

2) сот пен іс жүргізуге қатысушылардың іс жүргізу қызметін реттейтін қағидаттар (функционалдық).

Ұйымдастырушылық-функционалдық қағидаттарға келесілер жатады:

1) сот төрелігін тек соттың жүзеге асыруы;

¹⁴Семенов В.М., Конституционные принципы гражданского судопроизводства. М., 1982. <http://books.google.kz>

¹⁵Гурвич М.А. Принципы советского гражданского процессуального права //Вопросы гражданского процессуального, гражданского и трудового права: Труды. М., 1965.Т.III // Гурвич М.А. Избранные труды. Т. II, Краснодар, 2006. <http://books.google.kz>

2) соттардың тәуелсіздігі және олардың Конституция мен заңға ғана бағынуы;

3) соттардың тұрақтылығы мен тағайындалатындығы;

4) азаматтық істерді жеке дара және алқалы қарастыру;

5) жұрттың бәрінің заң мен сот алдында теңдігі;

6) тұлғаның құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сотта қорғау;

7) іске қатысатын адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетін, іскерлік беделін құрметтеу;

8) жеке өмірге қол сұғылмаушылық, хат жазысу, телефон арқылы сөйлесу, пошта, телеграф және өзге де хабарлар құпиясы;

9) меншікке қол сұғылмаушылық;

2) сот талқылауының жариялылығы;

3) сот ісін жүргізу тілі және т.б.

Функционалдық қағидаттарға келесілер жатады:

1) заңдылық;

2) диспозитивтік;

3) тараптардың жарыспалылығы мен тең құқықтылығы;

4) сот талқылауының ауысшалығы және нақтылығы және т.б.

Азаматтық сот өндірісінің қағидаттарын жеке дара қарастырып өтейік.

Сот төрелігін тек соттың жүзеге асыруы. Осы қағидат Қазақстан Республикасының бірнеше нормативтік-құқықтық актілерінде бекітілген. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Конституциясының 75-б. 1 т., Қазақстан Республикасының «Сот жүйесі және соттардың мәртебесі туралы» Конституциялық Заңының 1-б. 1 т., Азаматтық процестік кодекстің 7-б. көрсетілген¹⁶.

Аталған нормалардың мазмұнынан шықсақ, бұл қағидат Қазақстан Республикасында сот төрелігін, оның ішінде азаматтық істер бойынша сот төрелігін тек сот қана заңда белгіленген қағидалар бойынша жүзеге асыратындығын, соттың ерекше өкілеттігін басқа органдарға беруді көздейтін заң актілерін шығаруға тыйым салуды, ешқандай өзге органдар мен тұлғалардың судья өкілеттігін немесе сот билігі функцияларын иеленуге құқығы жоқ екендігін түсіндіреді. Соттың билік өкілеттіктерін кімнің де болса иеленуі заңда көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.

Қазақстан Республикасында сот билігі тұрақты судьяларға тиесілі болады. Заңда көзделген жағдайларда және тәртіппен сот билігі қылмыстық сот ісін жүргізуге тартылған алқабилердің қатысуымен жүзеге асырылады. Сот билігі сотта іс жүргізудің азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы жүргізіледі.

¹⁶Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Конституциялық заңы. Информационно-правовая система Параграф. <http://online.zakon.kz/>.

Соттар өз қарауына жатпайтын іс бойынша азаматтық сот ісін жүргізуді жүзеге асырған, өз өкілеттіктерін асыра пайдаланған немесе Азаматтық процестік кодексте белгіленген азаматтық сот ісін жүргізу қағидаттарын өзге де елеулі түрде бұзған жағдайларда соттың шешімдері заңсыз болады және олардың күші жойылуға жатады.

Қазақстан Республикасының сот жүйесі Қазақстан Республикасының Конституциясымен және Қазақстан Республикасының «Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңмен белгіленеді.

Сот – мемлекеттік биліктің ерекше функциясы ретінде сот төрелігін жүзеге асыруға заңмен бекітілген дербес орган. Қандай да бір атаумен арнаулы және төтенше соттарды құруға жол берілмейді. Төтенше және заңсыз құрылған өзге де соттар шешімінің заңды күші болмайды және орындалуға жатпайды.

Қазақстан Республикасының сот жүйесін:

- Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты;
- жергілікті соттар;
- басқа соттар құрайды.

Жергілікті соттарға:

1) облыстық және оларға теңестірілген соттар (Республика астанасының қалалық соты, республикалық маңызы бар қалалардың қалалық соттары);

2) аудандық және оларға теңестірілген соттар (қалалық сот, ауданаралық сот) жатады.

Қазақстан Республикасындағы **басқа соттарға** мамандандырылған, яғни, әскери, қаржылық, экономикалық, әкімшілік, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі және басқа соттар жатады.

Сонымен, сот төрелігі – бұл мемлекеттік қызметтің арнайы түрі, ол бекітілген тәртіпте өкілеттігі бар және процестік заңнамамен бекітілген қатаң іс жүргізу нысаны бар тек сотпен ғана жүзеге асырылады.

Сот төрелігін тек сотпен жүзеге асыру қағидатының маңыздылығын келесідей ашуға болады:

1) ешкімге соттың қызметіне ықпал етуге және сот функциясын жүзеге асыруға құқық берілмеген; ешбір мемлекеттік органдарға, қоғамдық құрылымдарға, лауазымды тұлғаларға және басқа тұлғаларға сот күзіреттілігіне жататын азаматтық істерді шешуге құқық берілмеген;

2) сот төрелігін заңнамада бекітілген тәртіпке сәйкес іс жүргізу нысаны бойынша шешу;

3) азаматтық дауларды қарастыру мен шешуге күзіреттілігі бар мемлекеттік органдардың және қоғамдық құрылымдардың қызметіне бақылау жасау;

4) азаматтық істердің соттарға ведомстволығын бекіту.

Соттардың тұрақтылығы мен тағайындалатындығы. Бұл қағидат конституциялық қағидат болып табылады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 79 б. бойынша соттар тұрақты

судьялардан тұрады, олардың тәуелсіздігі Конституциямен және заңмен қорғалады, судьяның өкілеттігі тек заңда белгіленген негіздер бойынша ғана тоқтатылады немесе кідіріледі. Судьялыққа Республиканың 25 жасқа толған, жоғары заң білімі, заң мамандығы бойынша кемінде 2 жыл жұмыс стажы бар және біліктілік емтиханын тапсырған азаматтары ғана тағайындалады, ал Республика соттарына судьялыққа өту үшін заң бойынша қосымша талаптар белгіленуі мүмкін.

Судьялар қызметке Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының «Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңына сәйкес сайланады немесе тағайындалады және тұрақты негізде өкілеттіктерге ие болады. Судьялардың өкілеттіктері тек қана аталған Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген негіздер бойынша және тәртіппен тоқтатылуы немесе тоқтатыла тұруы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Конституциясы соттарды тағайындаудың **келесі тәртібін бекітеді:**

1) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасын және судьяларын Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесіне негізделген Республика Президентінің ұсынуымен Сенат сайлайды;

2) жергілікті және басқа да соттардың төрағалары мен судьяларын Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесі бойынша Республика Президенті тағайындайды.

Сонымен қатар, сот алқалары құрылады және сот алқалары төрағаларына өкілеттіктер беру тәртібі белгіленеді. Жоғары Сот Кеңесі – Республика Президенті тағайындайтын Төрағадан және басқа да тұлғалардан құралады. Жоғары Сот Кеңесінің мәртебесі және жұмысын ұйымдастыру заңмен белгіленеді.

Қазақстан Республикасының «Сот жүйесі және соттардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңында сот төрағасын, сот алқасы төрағасын және судьяны лауазымынан босату және олардың өкілеттіктерін тоқтатудың арнайы негіздері мен тәртібі бекітілген. Ешкімнің аталған тұлғаларды заңда көзделген негіздер болмағанда жұмыстан босатуға құқығы жоқ, судья қызметінен босату тек нақты бір тұлғалардың өкілеттігіне жатады, атап айтсақ, судья лауазымынан босату туралы шешім:

1) Жоғарғы Соттың Төрағасына, судьяларына қатысты Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуы бойынша – Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қаулысымен;

2) Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағаларына, жергілікті және басқа соттардың төрағаларына, сот алқаларының төрағалары мен судьяларына қатысты – Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен қабылданады.

Судьяны қызметінен босату бір мезгілде тиісті сот төрағасы немесе алқа төрағасы өкілеттіктерінің тоқтатылуына әкеп соғады. Тиісті соттың

төрағасын немесе алқа төрағасын өкілеттік мерзімінің өтуіне байланысты қызметтен босату оларды осы соттың судьясы қызметінен босатуға әкеп соқпайды.

Судьялардың өкілеттіктерін тоқтату және лауазымнан босату негіздері мен тәртібі Қазақстан Республикасының «Сот жүйесі және соттардың мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Конституциялық заңында императивті нысанда және нақты көрсетілген¹⁷.

Соттардың тәуелсіздігі және олардың Конституция мен заңға ғана бағынуы. Осы қағидат аматтық процестік құқықығының конституциялық қағидатына жатады. Ата заңымыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы «Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады. Сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді, және ол заң бойынша жауаптылыққа әкеліп соғады. Нақты істер бойынша судьялар есеп бермейді» деп жариялайды (77-б. 1 және 2 т.).

Одан әрі бұл конституциялық ережелер Қазақстан Республикасының «Сот жүйесі және соттардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңында нақтыланады, атап айтқанда келесі негізгі ережелерді қарастырады:

- судьялар сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және тек Конституция мен заңға ғана бағынады. Судьялардың мәртебесі мен тәуелсіздігіне нұқсан келтіретін заңдарды немесе өзге де нормативтік құқықтық актілерді қабылдауға жол берілмейді (1-б. 3 т. 1 абзацы);

- соттың сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметіне қандай да бір араласуға жол берілмейді және заң бойынша жауаптылыққа әкеп соғады (1 б. 3 т. 2 абзацы), оның ішінде бұқаралық ақпараттар арқылы сотқа ықпал жасауға тиым салынады (Қазақстан Республикасының «Бұқаралық құралдар туралы» 23 шілдедегі 1999 ж. Заңының 25-б. 1 т.);

- нақты бір істер бойынша судьялар есеп бермейді (1-б. 3 т. 2 абзацы);

- сот актілері мен судьялардың өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезіндегі талаптарын барлық мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдары, жеке және заңды тұлғалар орындауға міндетті. Сот актілері мен судьяның талаптарын орындамау заңмен белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады (1-б. 3 т. 3 абзацы);

- судья қаралған немесе қаралып жатқан сот істерінің мәні жөнінде қандай да бір түсінік беруге міндетті емес. Кеңесу бөлмесінің құпиясы барлық жағдайларда қамтамасыз етілуге тиіс (25-б. 3 т.);

- судьяға заңда көзделмеген соттан тыс функциялар мен міндеттерді жүктеуге болмайды (23-б. 2 т.);

¹⁷Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Конституциялық заңы. Информационно-правовая система Параграф. <http://online.zakon.kz/>

- соттарды қаржыландыру, судьяларды материалдық және әлеуметтік қамтамасыз ету, сондай-ақ оларға тұрғын үй беру сот төрелігін толық әрі тәуелсіз жүзеге асыру үшін жеткілікті мөлшерде республикалық бюджет қаражатының есебінен жүргізіледі (25-б.4 т.).

Судьялардың тәуелсіздігін бекітетін норма-қағидаттар Қазақстан Республикасының АПК 12-б., Конституцияның 79-б. 1, 2 және 4 т., 80-б.), Қазақстан Республикасының «Сот жүйесі және соттардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңының 24, 26, 27, 33, 34, 39, 47-54 б.б. қамтылған. Судьялардың тәуелсіздік кепілдігі келесі ережелермен (шаралармен) қамтамасыз етіледі:

- 1) судьялардың ауыстырылмайтындығы;
- 2) заңмен бекітілген сот төрелігін жүзеге асыру рәсімінің болуы;
- 3) судьяның сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметіне араласқаны үшін, және де сотты және судьяларды сыйламағандық үшін заңда жауаптылық белгіленуі;
- 4) судьяға ешкімнің тиіспеуі;
- 5) Конституцияда және осы Конституциялық заңда белгіленген судьяны қызметке сайлау, тағайындау, судьяның өкілеттігін тоқтату және тоқтата тұру тәртібінің, судьяның орнынан түсу құқығының болуы;
- 6) судьяларға мемлекет есебінен олардың мәртебесіне сәйкес материалдық жағдай жасау және әлеуметтік қамсыздандыру, және де оны нашарлатуға тыйым салудың болуы
- 7) сот қызметіне араласуға және судьяларға ықпал жасауға тиым салынуы;
- 8) судьяның жеке өміріне қол сұғылмаушылық;
- 9) судьяның лауазымы депутаттық мандатпен, оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметтерді қоспағанда, өзге де ақы төленетін жұмысты атқарумен, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кірумен сыйыспайтындығы;
- 10) судьялар партияларға, кәсіптік одақтарға кіре алмайтындығы мен қандай да бір саяси партияны қолдап немесе оған қарсы сөз сөйлеуіне болмайтындығы
- 11) Конституциялық заңда белгіленген судьяны тәртіптік жауаптылыққа тартудың арнайы негіздері мен тәртібінің, рәсімдерінің нақты бекітілуі.

Азаматтық істерді жеке дара және алқалы қарастыру. Бұл қағидат сот төрелігін ұйымдастыру қағидаты болып табылады. Ол бойынша азаматтық істер әр түрлі сатыдағы соттармен жеке дара және алқалы құрамда қарастырылады. (АПК 36 және 37-б.б.).

Судья істі жеке дара қарастырған кезде және жеке дара іс жүргізу әрекеттерін жасаған кезде соттың атынан әрекет етеді.

Қолданыстағы АПК істі қарастырудағы сот құрамын күрделі өзгертулер енгізді. Заңнамада істі жеке дара және алқалы құрамда

қарастыру жағдайларын кеңейте отыра, жеке дара қарастыру тәртібін ерекшеліктермен толықтырды.

Біріншіден, істі жеке дара қарастыру жалпы ереже бойынша тек бірінші саты соты судьясына тиесілі, бірақ апелляциялық саты сотының судьясына АПК 402-б. көзделген аудандық және оларға теңестірілген соттардың оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шығарған шешімдеріне апелляциялық шағымды, наразылықты, жеке шағымды, ұйғарымға наразылықты қараған жағдайларда қолданылады.

Екіншіден, бірінші саты сотындағы істі жеке дара қарастыру ережесін

Астана қаласының соты мен Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында қолдану ережесі енгізілді. Атап айтқанда АПК 35-б. 2 т. сәйкес, АПК 27-бабында көзделген Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының соттылығына жатқызылған істерден басқа, инвестициялық даулар бойынша, және де инвестордың инвестициялық қызметіне байланысты инвесторлар мен мемлекеттік органдар арасындағы өзге де даулар бойынша азаматтық істерді қарастыруда бірінші сатыдағы соттың қағидалары, яғни, жеке дара қарастыру ережесі қолданылады. Ал аталған баптың 3 т. сәйкес, АПК 28-бабында көзделген Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының шешімдеріне және әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), Референдумның орталық комиссиясының шешімдеріне және әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дау айту туралы және бір тарапы ірі инвестор болып табылатын инвестициялық даулар бойынша азаматтық істерді қарастыруда бірінші сатыдағы соттың істерді жеке дара қарастыру қағидаты қолданылады.

Істерді алқалы құрамда қарастыру ережесі апелляциялық және кассациялық сатыдағы соттарда қолданылады.

Апелляциялық саты сотында істі қарастыру облыстық және оған теңестірілген сот судьяларының тақ санынан (кемінде 3) тұратын соттың алқалы құрамында жүргізіледі, олардың біреуі төрағалық етуші болып саналады.

Кассациялық саты сотында істі қарастыру Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты судьяларының тақ санынан (кемінде 3) тұратын сот алқасы төрағасының не оның тапсыруы бойынша судьялардың біреуінің төрағалық етуімен соттың алқалы құрамында жүргізіледі, олардың біреуі төрағалық етуші болып саналады. Ал егер іс АПК 27-б. 4 бөлігіне сәйкес, Жоғарғы Сотының соттылығына жатқызылған инвестициялық даулар, инвестордың инвестициялық қызметіне байланысты инвесторлар мен мемлекеттік органдар арасындағы өзге де дауларға қатысты болса, АПК 402-б. сәйкес, ондай істер бойынша қабылданған шешімдерге апелляциялық шағымды, наразылықты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының мамандандырылған сот алқасы кемінде 3 алқа судьясының алқалы құрамында қарайды.

Алқалы қарастыру қағидаты кассациялық саты сотында шығарлған қаулыларды қайта қарауда, бірақ, өзге құрамда қолданылады. Атап айтқанда, АПК 35-б. 6 т. сәйкес, кассациялық саты сотының қаулыларын қайта қарау бойынша істерді қарау Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Төрағасының немесе оның тапсыруы бойынша судьялардың біреуінің төрағалық етуімен тақ санды (кемінде 7) судьялардан тұратын алқалы құрамда жүргізіледі.

Азаматтық іс алқалы құрамда қарастыру қағидаты тек судьялардың құрамын ғана анықтамайды, сонымен қатар, алқалы құрамда мәселелерді шешуді де айқындайды.

Соттың алқалы құрамымен іс қаралып, шешілген кезде алқа судьяларының барлығы тең дәрежедегі құқықтарды пайдаланады. Істерді қарастыру барысында қандай да бір мәселелер туындайтын болса, туындаған барлық мәселелер судьялардың көпшілік дауысымен шешіледі. Мұның өзінде пайда болған әрбір мәселені шешкен кезде судьялардың ешқайсысында дауыс беруден қалыс қалу құқығы (мүмкіндігі) болмайды.

Алқа төрағалық етушісінің іске қатысты туындаған мәселелер бойынша ұсыныстар енгізуге, өз пікірін айтуға құқығы болады және ол соңғы болып дауыс береді.

Егер іске қатысты туындаған мәселелер бойынша судьялардың пікірлері бір-бірімен сәйкес келмесе немесе бір судьяның пікірі көпшіліктің шешімімен сәйкес келмесе, келіспеушілік білдірген судья осы шешімге қол қоюға міндетті, бірақ ол судья өзінің ерекше пікірін жазбаша түрде баяндауға құқылы. Жазбаша пікір мөр басылып жабылған конвертте іске қоса тіркеледі. Егер шығарылған шешімге кассациялық шағым берілсе, кассациялық сатыдағы сот осы істі қарау кезінде ерекше пікірмен танысуға құқылы. Мұның өзінде судьяның ерекше пікірі іске қатысатын адамдардың ешқайсысына хабарланбайды және сот отырысы залында жарияланбайды.

Тұлғаның құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сотта қорғау. Қазақстан Республикасы Конституциясының 13 б. сәйкес, әркімнің соттық қорғануға құқығы бар. Осы конституциялық ережеге сай аталған қағидат соттық қорғану үшін сотқа жүгіну құқығын қамтамасыз етеді. Бұл қағидаттың астарында әркімге Конституциямен, заңдармен, заңға бағынышты актілермен, халықаралық-құқықтық актілерде бекітілген құқықтар мен бостандықтарды, заңды мүдделерді қорғау үшін соттық қорғанудың қол жетімділігі жатыр. Адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын қорғау туралы Конвенцияның 6 б. әрбір мүдделі тұлғаға тиісті құзыретті сотқа сотпен қорғалу үшін жүгіну мүмкіндігін береді.

Мүдделі тұлға – ол өз құқықтары мен заңды мүдделері бұзылып отыр немесе дауланып отыр деп есептейтін тұлға. Мүдделі тұлға өз құқықтар мен бостандықтары, заңды мүдделері бұзылған кезде кепілдендірілген соттық қорғану құқығын пайдалану немесе пайдаланбауын өз қалауы бойынша шешеді. Алайда, соттық қорғану құқығын таңдаған

кезде сот оған заңмен бекітілген тәртіпке сәйкес басқа мүдделі тұлғалармен қатар тең дәрежеде сот төрелігіне қол жетімділікті қамтамасыз ету қажет.

Көп жағдайларда соттық қорғануға мүдделілік сотқа жүгіну фактісімен алғышартталады. Тұлғаның оның құқықтары мен бостандықтары, заңмен қорғалатын мүдделері заңсыз бұзылды немесе дауланды деп есептей отыра жігінуі мүдделілікті білдіреді. Мұның өзінде мүдделі тұлға қорғалуға тиісті материалдық құқығының шынымен бар екендігі жөнінде қателесуі де мүмкін, алайда бұл жағдайда сот оның заңды мүдделілігі жоқ екендігіне байланысты оның арызын қабылдаудан бас тартуға құқығы жоқ. Бұл сұрақтың нақты жауабы дауды шешу кезінде ғана белгілі болуы мүмкін.

Кейбір жағдайларда АПК сотпен қорғалуды іске асыруға құқығы бар тұлғалардың қатарын тікелей бекітеді. Мысалы, АПК 298 б. сәйкес, нормативтік құқықтық актіні заңға толық немесе жекелеген бөлігінде қайшы келеді деп тану туралы арызбен сотқа жүгінуге өздеріне нормативтік құқықтық актінің күші қолданылатын, заңда көзделген тәртіппен қабылданған және жарияланған нормативтік құқықтық актімен олардың Қазақстан Республикасының Конституциясымен және заңдарымен кепілдік берілген құқықтары мен заңды мүдделері бұзылып отыр деп санайтын азамат немесе заңды тұлға құқылы; АПК 308 б. сәйкес, заңдық маңызы бар фактілерді анықтау туралы арызды беру мүмкіндігі арызда арыз берушінің осы фактіні қандай мақсатпен анықтауы қажет екендігін, арыз берушінің тиісті құжаттарды алуы мүмкін еместігін, не жоғалған құжаттарды қалпына келтіруі мүмкін еместігін көрсету қажеттілігімен алғышартталған.

Соттық қорғану қағидаты тұлғаның өз құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін сотқа тікелей өзінің жүгінуін ғана білдірмейді, ол сонымен қатар, заңда белгіленген тәртіппен басқа тұлғалардың немесе тұлғалардың белгісіз бір тобының бұзылған немесе даулы заңды мүдделерін қорғау туралы арызбен өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардың, азаматтар мен заңды тұлғалардың және өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында, не азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қорғау үшін прокурордың талап қойып (арызбен) сотқа жүгінуін білдіреді.

Басқа тұлғалардың азаматтық сотта құқығын қорғау институтының басты мақсаты – денсаулығына, еңбекке жарамсыздығына, жасына байланысты құқығын өзі дербес қорғай алмайтын тұлғаларға соттық қорғануда көмек көрсету және жәрдемдесу. Азаматтық процесте басқа тұлғалардың құқығын қорғау институтының болуы әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын соттық қорғау конституциялық құқығын іске асырудың бір кепілі болып табылады.

Басқа тұлғалардың мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын субъектілер шеңбері заңмен анықталған. Оларға АПК сәйкес, прокурор,

мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, заңды тұлғалар, АПК көзделген негіздер бойынша процеске кіретін азаматтар жатады. Мұның өзінде мемлекеттік органдардың және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының азаматтық процеске қатысуы көбінесе белгілі бір салаларда олардың өкілеттіктерімен және өкілеттіктерін іске асырумен байланысты.

Іске қатысатын адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетін, іскерлік беделін құрметтеу. Қазақстан Республикасы Конституциясының 18 бабында әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бекітілген. Осы конституциялық ережеге сай бұл қағидат азаматтық процеске қатысатын тұлғалардың ар-намысына, қадір-қасиетіне, іскерлік беделіне кір келтірмеуді және оларға құрметпен қарауды талап етеді.

Ар-намысы мен қадір-қасиетін, іскерлік беделін құрметтеудің астарында азаматтық іс жүргізу кезінде азаматтық іс бойынша процеске қатысатын тұлғалардың ар-намысын қорлайтын немесе қадір-қасиетін кемсітетін, іскерлік беделін кемітетін әрекеттерге тыйым салу жатыр. Ешкімнің азаматтық іс жүргізуге қатысушы тұлғаларға қатысты оның ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіретін қандай да бір мәліметтерді таратуына құқығы жоқ. Мұндай жағдайлар орын алса, оған кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауаптылық түрлеріне тартылады және заңнамада көзделген тәртіпте туындаған нұқсанның орнын толтыруға міндетті болып табылады. Егер ар-намысын қорлайтын немесе қадір-қасиетін кемсітетін, іскерлік беделін кемітетін әрекеттер азаматтық сот ісін жүргізу барысында мемлекеттік органдардың және лауазымды адамдардың заңсыз әрекеттерінен, және де басқа да тұлғалардың әрекеттері жасауына байланысты болса, жеке тұлғаға келтірілген моральдық зиян, жеке тұлғаға немесе заңды тұлғаға келтірілген залалдар заңнамада белгіленген тәртіппен өтелуге тиіс.

Іске қатысатын адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетін, іскерлік беделін құрметтеуді кепілдендіруші, оларға келтірілген нұқсанның орнын тотыру жөніндегі нормалар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен бекітілген. Ол бойынша тұлғаға өзінің ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді сот тәртібімен теріске шығаруды талап етуге құқығы қамтамасыз етіледі¹⁸(АК 143).

Егер азаматтың немесе заңды тұлғаның ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне кір келтіретін мағлұматтар бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратылған болса, олар сол бұқаралық ақпарат құралдарында тегін теріске шығарылуға тиіс.

¹⁸Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (жалпы бөлім). 1994 жылғы 27 желтоқсан. Информационно-правовая система Параграф. <http://online.zakon.kz/>.

Ал егер аталған мағлұматтар ұйымнан шыққан құжатта болса, бұл құжаттағы мағлұматтардың шындыққа сай келмейтіндігі туралы тиісті адамға міндетті түрде хабарлана отырып, мұндай құжат алмастырылуға немесе кері сұратып алынуға тиіс болып табылады.

Жеке өмірге қол сұғылмаушылық, хат жазысу, телефон арқылы сөйлесу, пошта, телеграф және өзге де хабарлар құпиясы. Бұл қағидат конституциялық қағидат болып табылады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 18 бабы: «Әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар. Әркімнің өзінің жеке салымдары мен жинаған қаражатының, жазысқан хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөздерінің, почта, телеграф арқылы және басқа жолдармен алысқан хабарларының құпиялылығы сақталуына құқығы бар. Бұл құқықты шектеуге заңда тікелей белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі» деп жариялайды.

Бұл қағидаттың астарында әрбір азаматтық іске қатысушы тұлғалардың жеке өмірі, жеке және отбасылық құпиясы заңның қорғауында болатындығы, әркімнің жеке салымдары мен жинақтарының, жазысқан хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөздерінің, пошта, телеграф арқылы және өзге де хабарларының құпиялылығына құқығын кепілдендіру жатыр. Ешкімнің ешбір жағдайда заңсыз және негізсіз азаматтық істе қатысушы болатын тұлғалардың осы аталған құқықтарына қол сұғуға құқығы жоқ болып табылады. Бұл құқықтарды азаматтық процесс барысында шектеуге тек заңда тікелей белгіленген жағдайларда және тәртіппен ғана жол беріледі.

Конституциялық қағидат болып табатын бұл қағидат бір жағынан салаарлық деп айтуға болады. Себебі Азаматтық кодекстің 144 бабы да азаматтың жеке басының құпиясын сақтау құқығын бекітеді. Атап айтқанда, Азаматтық кодекстің осы бабы азаматтың жеке бас құпиясын, оның ішінде хат алысу, телефон арқылы сөйлесу, күнделіктер, естеліктер, жазбалар, ішкі жан сыры, бала асырап алу, туу құпиясын, дәрігерлік, адвокаттық құпияны, банктік салымдар құпиясын сақтауға құқығы бар дей отыра, ол құпия тек заң құжаттарында белгіленген реттерде ғана ашылуы мүмкін деп бекітеді.

Азаматтық іске қатысушы тұлғаның күнделіктері, жазбалары, естеліктері және басқа құжаттары жариялауға жол берілмейді, оларды жариялау, оқу, құпиясын ашу тек сол авторлардың келісімімен немесе олар аманат қылып қалдырылған тұлғалардың (алыушыларының) келісімімен ғана жол беріледі. Егер тұлға қайтыс болатын болса, аталған құжаттарды жариялау қайтыс болған адамның артында қалған жұбайының және балаларының келісімімен ғана жол беріледі.

Меншікке қол сұғылмаушылық. Азаматтық кодекстің 188 б. 1 т. сәйкес, **меншік құқығы дегеніміз** – субъектінің заң құжаттары арқылы танылатын және қорғалатын өзіне тиесілі мүлікті өз қалауынша иелену,

пайдалану және оған билік ету құқығы. Қазақстандағы барша азаматтар өз мүлкіне өздері билік етуге, иелік етуге, пайдалануға толық құқығы бар және оларды іске асыру мен қорғау Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен реттеледі.

Меншік құқығы туралы нормалардың негізін қалаушы қағидат конституциялық қағидаттың бірі. Атап айтқанда, Конституцияның 26 б. сәйкес, Қазақстан Республикасының азаматтары заңды түрде алған қандай да болсын мүлкін жеке меншігінде ұстай алады және меншікке, оның ішінде мұрагерлік құқыққа заңмен кепілдік беріледі. Ешкімді соттың шешімінсіз өз мүлкінен айыруға болмайды. Тұлғаның меншігіндегі мүліктен күштеп айыру тек заңмен көзделген ерекше жағдайларда мемлекет мұқтажы үшін ғана оның құны тең мүлікпен немесе бағасымен өтелген кезде жүргізіледі¹⁹. Бұл ережелер Қазақстан Республикасының азаматтық және азаматтық процестік кодексінде нақтыланады.

Азаматтық процестік кодекс меншікке заңмен кепілдік берілетіндігін және соттың шешімінсіз ешкімді де өз мүлкінен айыруға болмайтындығын бекіте отыра азаматтық процесте іске қатысушы тұлғалардың мүліктік құқықтарын қамтамасыз етеді. Азаматтың меншігіне қол сұғу тек азаматтық процеске қатысушы тұлғалардың (мемлекет, қоғам, талап қоюшы не жауапкер, үшінші тұлғалар және т.б.) мүддесін қорғау үшін талап қоюды қамтамасыз ету мақсатында АПК көзделген негіздер бойынша және тәртіппен мүлікке тыйым салу түрінде жүргізілуі мүмкін.

Сот талқылауының жариялылығы. АПК 19 б. азаматтық істерді талқылау барлық сот сатыларында ашық жүргізілетіндігін және сот актілері жария түрде хабарланатынын бекітеді.

Азаматтық істерді ашық қарастыру 16 жасқа толған кез-келген адам сот отырысы залында бола алатындығын білдіреді. 16 жасқа толмаған азаматтар, егер олар іске қатысатын адамдар немесе куәлар болып табылмаса, сот отырысы залына жіберілмейді. Сот отырысы залында азаматтардың болуы судьяға сот процесін процестік және материалдық заңдардың талаптарын сақтай отыра өткізуді міндеттейді. Оның өзінде кез-келген азамат сол немесе басқа сотпен сот төрелігі қалай жүзеге асырылатынын көруге құқығы бар. Сонымен қатар, АПК 19 б. 7 т. іске қатысушы адамдарға және басқа да адамдарға, оның ішінде ашық сот отырысына қатысып отырған бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне сот отырысының барысы бойынша жазбалар жасауға, оны залда отырған орындарынан аудиожазу құралдарының және цифрлық жеткізгіштердің көмегімен жазып алуға құқық береді. Соттың рұқсаты және іске қатысушы адамдардың пікірі сот талқылауы залында киноға және фотоға түсіргенде, бейнежазба жасағанда, тікелей радио – және телетрансляция жүргізгенде, Интернеттің ақпараттық-коммуникациялық желісінде бейнетрансляция жүргізгенде талап етіледі. Бірақ бұл әрекеттер сот отырысының қалыпты

¹⁹Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жыл. 30 тамыз. Информационно-правовая система Параграф. <http://online.zakon.kz/>.

өтуіне кедергі келтірмеуге тиіс және сот оларды уақыт жағынан шектеуіне құқығы бар. Бұлар әрекеттердің барлығы сот отырысының хаттамасына енгізілетін сот ұйғарымында көрсетілуі тиіс.

Ашық сот отырысында жеке хат жазысулар мен өзге де жеке хабарласулар, өзара хат жазысулар мен осы жеке хабарласулар да, сонымен қатар, жеке сипаттағы мәліметтер бар аудио-, бейнежазбаларды, фотоға және киноға түсіру материалдары мен электрондық, цифрлық және өзге де материалдық жеткізгіштердегі басқа да материалдарды зерттеу өздеріне қатысты адамдардың келісімімен ғана жария етіледі, егер мұндай келісім болмаған жағдайда олар ашық сот отырысында жария етуге және зерттелуге жатпайды, ол тек жабық сот отырысында жария етіледі және зерттеледі.

Сот отырысының жариялылығы қағидаты абсолюттік сипатқа ие емес. Жариялық заңмен белгіленген тәртіпте және негізде белгілі бір шектеулермен шектеледі немесе тиым салынады. Сондықтан бұл жерде біз «жабық сот отырысы» туралы сөз қозғаймыз.

АПК 19 б. 2, 3, 4, 6, 8 тармақтары істі жабық сот отырысында қарастырудың тәртібі мен ерекшеліктерін белгілейді.

Жабық сот отырысында істер іске қатысатын адамдардың өтінішхаты бойынша **келесі жағдайларға байланысты қарастырылуыға жатады:**

- бала асырап алу құпиясын қамтамасыз ету мақсатында;
- жеке өмірге қолсұғылмаушылықты қамтамасыз ету мақсатында;
- жеке, отбасылық, коммерциялық, мемлекеттік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны сақтауды қамтамасыз ету қажет болса;
- істі талқылау барысында оған қатысушылар жаппай тәртіп бұзса;
- ашық талқылауға кедергі келтіретін өзге де мән-жайлар болса.

Істі жабық сот отырысында талқылау АПК белгіленген барлық қағидалар сақтала отырып жүргізіледі. Істі жабық сот отырысында қарау және шешу туралы ұйғарым шығарылады, ол сот отырысының хаттамасына енгізіледі. Іс сот талқылауының барлық немесе бір бөлігінде жабық отырыста талқылануы мүмкін, ондай жағдайда ол туралы да сот ұйғарымы шығарылады және сот отырысының хаттамасына енгізіледі

Жұрттың бәрінің заң мен сот алдындағы теңдігі. Азаматтық іс жүргізу өндірісіндегі жұрттың бәрінің заң мен сот алдындағы теңдік қағидаты – тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттарға қарамастан заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең конституциялық қағидатының көрінісі.

Қазақстан Республикасы Конституцияның 14 бабымен барша азаматтарға олардың заң мен сот алдындағы теңдігін кепілдендіру міндетін алды. АПК-нің 13 бабымен бұл міндет: «Азаматтық істер бойынша сот

төрелігі барша адамдардың заң мен сот алдындағы теңдігі негізінде жүзеге асырылады» деп нақтыланады. **Азаматтық сот ісін жүргізу кезінде:**

- азаматтардың ешқайсысына артықшылық берілмейді, олардың ешқайсысын тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге де мән-жайлар бойынша кемсітуге болмайды;

- заңды тұлғалардың ешқайсысына артықшылық берілмейді және олардың бірде-бірін орналасқан жеріне, ұйымдық-құқықтық нысанына, бағыныстылығына, меншік нысанына байланысты және басқа да мән-жайлар бойынша кемсітуге болмайды

Бұл қағидаттардың басты мағынасы кез-келген азаматтың және кез-келген ұйымның бірдей дәрежеде соттық қорғану алуында және іс жүргізудегі жағдайына (талап қоюшы, жауапкер, үшінші тұлға және т.б.) орай бірдей іс жүргізушілік құқықтар мен міндеттер көлемін алуында жатыр.

Айтар болсақ, барлық іске қатысушылар судьяға, прокурорға, сарапшыға, маманға, аудармашыға, сот отырысының хатшысына бірдей шарттарда және бірдей негіздер бойынша қарсылық білдіре алады, қарсылық білдірудің тәртібі кім қарсылық білдіргеніне байланысты болмайды. Сот актілеріне шағым жасау, арыздануда барлық тұлғаларға бірдей тәртіпке сәйкес жүргізіледі. Бұл орайда шетел тұлғалары да қазақстандық азаматтар мен ұйымдар сияқты бірдей іс жүргізу құқықтарына ие және бірдей іс жүргізу міндеттерін атқарады.

Тараптардың жарыспалылығы мен тең құқықтылығы. Заң мен сот алдындағы теңдік қағидаты азаматтық іс жүргізудің тараптары – талап қоюшы мен жауапкерге қатысты өз жалғасын тараптардың жарыспалылығы мен тең құқықтылығы қағидатынан табады. АПК 15 бабы бойынша азаматтық сот ісін жүргізу тараптардың жарыспалылығы мен тең құқықтылығы негізінде жүзеге асырылады.

Жарыспалылық қағидаттарының қайнар көзі азаматтық іс жүргізудегі тараптардың материалдық-құқықтық мүддесіне қарама-қарсы тұрады. Егер диспозитивтік қағидат тараптар мен басқа да тұлғалардың дау объектісі мен істің жүруін басқару бойынша мүмкіндіктерін анықтаса, жарыспалылық қағидаты қойылған талаптары мен қарсылықтарының негіздемелерін дәлелдеу және өзінің құқықтық ұстанымын негіздеу бойынша мүмкіндіктері мен міндеттерін анықтайды²⁰.

Бұл қағидат заңдылық және диспозитивтілік қағидаттарымен тығыз байланысты. АПК азаматтық процеске қатысатын тараптарға өзінің ұстанымын қорғауға тең мүмкіндіктер береді. Жарыспалылық қағидатын іске асырудың шарты болып тараптардың іс жүргізудегі тең құқықтылығы табылады, себебі, тараптар өздерінің субъективтік құқықтары мен заңды

²⁰О положении суда в состязательном процессе, о состязательности в современной теории процессуального права см.: Шишкин С.А. Состязательность в гражданском и арбитражном судопроизводстве. М., 1996. С. 23, 95.

мүдделерін негіздеуде бірдей құқықтық жағдайда тең іс жүргізушілік құралдарын қолдану арқылы жарыса алады.

АПК бойынша тараптар азаматтық сот ісін жүргізу барысында өз ұстанымын, оны қорғау тәсілдері мен құралдарын өзі, соттан және іске қатысатын басқа да адамдардан тәуелсіз таңдайды. Жарыспалылық қағидатын іске асыру кезінде өз ұстанымын қорғаудың негізгі айқын тәсіл болып АПК белгіленген дәлелдеу ережесі табылады, оған сәйкес іске қатысушы әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге міндетті (АПК 72 б. 1 т.). Дәлелдемелер тараптар мен іске қатысушы басқа да тұлғалармен істі сот талқылауына дайындау сатысында бірінші сатыдағы сотқа ұсынылады (АПК 73 б. 1 т.)

Істі жан-жақты қарастыру, сотпен заңды және негізді шешім қабылдау тараптардың азаматтық процесте қорғаныс құралдарын пайдалануымен, фактілерді растауымен, оларға дау айтуымен, процесті адал жүргізуге сәйкес келетін және іс жүргізуге жәрдемдесуге бағытталған дәлелдемелер және дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды судья белгілеген мерзімде келтірумен қамтамасыз етіледі.

Профессор М.Л. Викуттың ойы бойынша, жарыспалылық қағидаты – «кім мүдделі сол дәледейді» деген аксиомадан бастау алады. Дәл сол тараптар – талап қоюшы мен жауапкер азаматтық іс жүргізуде дәлелдеудің негізгі ауыртпашылығын көреді, ал талаптық емес өндірістерде дәлелдеу міндеті арызданушыға және басқа мүдделі тұлғаларға жүктеледі²¹. Мұның өзінде сот объективтілікті және бейтараптылықты сақтай отырып, процеске басшылықты жүзеге асырады, тараптардың істің мән-жайларын толық және объективті зерттеуге арналған процестік құқықтарын іске асыруы үшін қажетті жағдайлар жасайды. Сот іске қатысатын адамдарға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді, процестік әрекеттерді жасаудың немесе жасамаудың салдарлары туралы ескертеді және, АПК көзделген жағдайларда, оларға өз құқықтарын жүзеге асыруға жәрдем көрсетеді.

Тараптардың жарыспалылығы қағидаты олардың тең құқықтылығы қағидатымен қоса жүреді. Оларды бір-бірінен ажыратуға болмайды. Азаматтық процестік құқық ғылымының өкілдері тараптардың процестегі «тең құқықтылығы» қағидаты жоғарыда біз қарастырған «жұрттың бәрі заң мен сот алдында тең» қағидатының жалғасы, бірақ олар мазмұны бойынша «бір мағыналы емес» деп белгілейді²². Бұған талап қоюшы мен жауапкердің диспозитивтік құқықтарын ажырататын АПК 48 бабы дәлел, бұл өз кезегінде талап қоюшы мен жауапкер құқықтарының «ара-қатынасуы» (талап қоюшының талаптан бас тартуы жауапкердің талап қою талаптарын

²¹Гражданский процесс России: Учебник / Под ред. профес. М.А. Викут - М.: Юристъ, 2004. - 459 с.

²²Викут МА, Зайцев ИМ Гражданский процесс. Курс лекций Саратов, 1998 С 34; Гражданское процессуальное право: Учебник / Под ред. М.С. Шакарян. С. 44.

мойындау құқығымен ара-қатынасады) туралы айтуға мүмкіндік береді. Осымен қатар, талап қоюшының талаптың негізін, пәнін өзгерту, талап қоюдың мөлшерін көбейту, баламалы соттылық кезіндегі сотты таңдау және т.б. сияқты құқықтары еш ара-қатынаспайды. Осылайша, азаматтық процесте тең болып тараптардың тек «жалпы» құқықтары табылады.

Жалпы тараптардың теңдік қағидатының астарында азаматтық қатынастар қатысушыларын тең дәрежеге қоятын экономикалық және құқықтық бастаулар жатыр. Аталған жағдай реттелетін қатынастар саласында өз кезегінде азаматтық процестегі тараптар теңдігіне негіз болды (АПК 15 б. 1 т.).

Бұл қағидаттың мәні өз құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін тараптарға процестік заңнамамен бекітілген тең мүмкіндіктермен түсіндіріледі. Бір тарапқа нақты процестік құқықтар бере отыра, заң басқа тарапқа да ұқсас құқық береді. Егер талап қоюшыға өз талаптарының пәні мен негізін өзгерту құқығы берілсе, онда тиісінше жауапкерге, талапқа қарсы келтірілген қарсылықтар негіздерін өзгерту, талапты мойындау, қарсы талап қою құқықтары беріледі. Осылайша, бір тарап басқа тараптың алдында қандай да бір жеңілдіктер пайдаланбайды. Әрбір тарап өз өкілдерінің болуына құқығы бар.

Дауды шешу кезінде екі тарапта тең дәрежеде өз өтінімдері бойынша сот тарапынан көмек алуға құқығы бар. Сот шешімді тараптардың әрқайсысы бірдей негізде зерттеуге қатысуы қамтамасыз етілген дәлелдемелерге ғана негіздейді. Сот тараптарға бірдей әрі құрметпен қарайды.

Тараптардың процестегі теңдігі қағидаты процестік барлық сатыларында кепілдендіріледі және процестегі жарыспалылықтың алғышарты болып табылады. Мысалы, әрбір тарап және іске қатысушы басқа тұлғалар сотқа сараптама жүргізу кезінде шешілуге жататын сұрақтарды ұсынуға құқылы (АПК 82 б. 7 т.). Істің мән-жайларын ескере отырып, істі сот талқылауына дайындау тәртібімен судья тараптарға олардың процестік құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді (АПК 165 б 1 т. 3) т.) Сот актілерін (шешімдерін, ұғарымдарын, қаулыларын) апелляциялық және кассациялық тәртіпте шағымдауға тең құқыққа әрбір тарап ие.

Сот ісін жүргізу тілі. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі Заңының 4 бабы Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі деп жариялайды. **Мемлекеттік тіл** - мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі десек те, Заңның 13 бабымен сот ісін жүргізу тілінің мәртебесі дербес бекітіліп отыр. Ол бойынша Қазақстан Республикасында сот ісі мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал, қажет

болған жағдайда, сот ісін жүргізуде орыс тілі немесе басқа тілдер мемлекеттік тілмен тең қолданылады²³.

Осыған байланысты азаматтық сот ісін жүргізудегі іс жүргізу тілі қағидатының негізі қаланып отыр. Атап айтқанда АПК 14 бабы сот ісін жүргізудің тілі қағидатын нақтылайды. Оған сәйкес, азаматтық істер бойынша сот ісін жүргізу қазақ тілінде жүргізіледі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал заңда белгіленген жағдайларда басқа тілдер де қолданылады.

Жалпы сот ісін жүргізу тілі сот ұйғарымымен сотқа талап қою арызы (арыз) берілген тілге байланысты белгіленеді. Егер сотқа талап арыз мемлекеттік тілде келіп түссе, іс жүргізу мемлекеттік тілде жүзеге асырылады, ал егер орыс тілінде келіп түссе, іс жүргізу орыс тілінде жүзеге асырылады. Бірақ тараптар істі сот талқылауына дайындау барысында өздерінің жазбаша өтінішхаттары бойынша сот ұйғарыммен сот ісін жүргізу тілін өзгертуге құқылы. Дәл осылай істі бірінші сатыдағы сотта қарауға дайындау барысында талап қоюшының өкілі талап қою арызы (арыз) берілген тілді білмейтіні анықталса, сот талап қоюшының жазбаша өтінішхаты бойынша сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы ұйғарым шығара алады.

Егер іске қатысушы тұлғалар іс жүргізіліп отырған тілді білмесе немесе жеткілікті түрде білмесе АПК бойынша оларға сотта ана тілінде немесе өздері білетін басқа да тілде мәлімдеме жасауға, түсініктер мен айғақтар беруге, өтінішхаттар беруге, шағымдар жасауға, сот актілеріне дау айтуға, іс материалдарымен танысуға, сөз сөйлеуге; белгіленген тәртіппен аудармашының қызметтерін тегін пайдалануға құқығын түсіндіріледі және қамтамасыз етіледі.

Іс жүргізу тілін білмейтін тұлғаларға тек аудармашының қызметтері тегін ғана емес, сонымен қатар, заң бойынша оларға қажетті іс материалдарының аудармасын аудару да және іске қатысушы тұлғалар іс жүргізуге қатысып отырған басқа тілде сөйлейтіндердің тілін түсінбесе, оларға да білмейтін тілді сот ісін жүргізу тіліне аудару да қамтамасыз етіледі.

Білікті заң көмегіне құқықтарды қамтамасыз ету. Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-б. әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығын жариялайды, заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі.

Осы конституциялық бастау азаматтық сот ісін жүргізудегі білікті заң көмегіне құқықтарды қамтамасыз ету қағидатының негізін қалайды. Атап айтқанда, АПК 18-б. әркімнің азаматтық процесс барысында АПК ережелерінде көзделген тәртіпте білікті заң көмегін алуға құқығы бар екендігін және заңда көзделген жағдайларда заң көмегі тегін көрсетілетіндігін қайталап бекітеді.

²³Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі Заңы. Информационно-правовая система Параграф. <http://online.zakon.kz/>.

Азаматтық процеске қатысушылардың білікті заң көмегін көрсету сұрақтары Қазақстан Республикасының «Мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы» 2013 жылғы 3 шілдедегі Заңымен қамтамасыз етіледі.

Бұл заң мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету саласында туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді әрі жеке және заңды тұлғаларға мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету кезінде олардың құқықтары мен міндеттерін іске асырудың құқықтық тетіктерін айқындайды.

Осы Заң бойынша **мемлекет кепілдік берген заң көмегі** – заң көмегін алуға құқығы бар жеке және заңды тұлғаларға осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген негізде және тәртіпте тегін негізде көрсетілетін заң көмегі²⁴.

Мемлекет кепілдік берген заң көмегіне мұқтаж тұлғалардың білікті заң көмегін алуы келесі құқықтары арқылы қамтамасыз етіледі:

- 1) мемлекет кепілдік берген заң көмегіне теңдей қол жеткізу;
- 2) өз құқықтары, міндеттері және мемлекет кепілдік берген заң көмегінің көрсетілу шарттары туралы ақпарат алу;
- 3) тегін заң көмегі көрсетілуі үшін мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсететін субъектілерге жүгіну;
- 4) мемлекет кепілдік берген заң көмегін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте алу немесе оны алудан бас тарту;
- 5) мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсететін субъектілердің іс-әрекеттеріне не әрекетсіздігіне Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте шағым жасау;
- б) мемлекет кепілдік берген заң көмегі көрсетілген мәселенің құпиялылығына құқығы (Заңның 9-б.)

Азаматтық сот ісін жүргізудің функционалдық қағидаттарына, оның ішінде заңдылық қағидатына тоқталайық. Ғалым М.К. Треушниковтың айтқанындай: «Заңдылық – қоғам өмірінің жай-күйі, онда біріншіден, сапалы, қарама-қайшылықсыз заң болады, екіншіден, қабылданған құқық нормалары құрметтеледі, сонымен қатар, билік органдарымен, лауазымды тұлғалармен, ұйымдар және азаматтармен орындалады»²⁵.

Заң бұзылған жағдайда мемлекет бұзылған немесе дауланған құқықтарды бекітілген процестік тәртіпте тиісті қорғауды және олар бойынша қабылданған шешімдерді іске асыруды (орындауды) қамтамасыз етуге міндетті.

Азаматтық іс жүргізу — құқықты қорғаудың бір нысаны.

АПК 6 бабы соттардың азаматтық істерді қарау және шешу кезінде Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасы

²⁴Қазақстан Республикасының «Мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы» 2013 жылғы 3 шілдедегі Заңы. Информационно-правовая система Параграф. <http://online.zakon.kz/>.

²⁵Гражданский процесс: Учебник. 2-е изд., перераб. и доп. / Под ред. М.К. Треушникова. М.: ОАО «Издательский Дом “Городец”», 2007.

конституциялық заңдарының, АП Кодекстің, басқа да нормативтік құқықтық актілердің, қолданылуға жататын Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының талаптарын дәлме-дәл сақтауға міндеттілігін көрсетеді. Соттар Республикамызда тек сот билігі ғана емес, сонымен қатар, ол заңдарды орындаушы орган, сондықтан, соттар тек заңның негізінде ғана жұмыс істеуге міндетті. Бұл талап заңдылық қағидатының мәнін ашады.

Заңдылық қағидаты – барлық құқық салаларына тән салааралық қағидат, оның үстіне ол әрбір құқық салаларының ерекшеліктеріне байланысты өзіндік ерекшеліктермен көрініс табады.

Азаматтық іс жүргізу өндірісіне қатысты алғанда, сот қызметіндегі заңдылық олармен қабылданған актілердің және жасалатын процестік әрекеттердің материалдық та, және процестік те құқықтың нормаларына, яғни заңға толық сәйкес келуін білдіреді.

Заңдылық қағидатының мазмұнында материалдық және процестік аспектілерін ажырату қажет.

Заңдылықтың материалдық жағы материалдық заңдарды дұрыс қолдануды білдіреді. Мысалы, Қазақстан Республикасының еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі, Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі, Қазақстан Республикасының отбасы және ерлі-зайыптылық кодексі және т.б., сонымен қатар, заңға бағынышты нормативтік-құқықтық актілер.

Заңдылықтың процестік жағы процестік заңдарды дұрыс қолдануды білдіреді. Мысалы, Қазақстан Республикасының азаматтық процестік кодексі, «Аралық соттар туралы» Заң, «Халықаралық төрелік туралы» Заң, «Медиация туралы» Заң, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары және т.б.

Заңдылық қағидатын жүзеге асуы келесі кепілдіктермен қамтамасыз етіледі:

1) басқа азаматтық процестік қағидатының әрекет етуімен (судьялардың туәелсіздігі мен олардың Конституцияға және заңға бағыныштылығы, істі қарастырудың жариялығы, жарыспалылығы және т.б.);

2) сот актілерін жоғары тұрған сот сатыларымен қайта қарастыру мүмкіндігі;

3) сот шешімін қабылдаған сотқа өз қателіктерін түзетуге мүмкіндік беру (аифметикалық қателіктерді түзеу, қосымша шешімдерді қабылдау және шешімді түсіндіру және т.б.);

4) процессуалдық құқық нормаларын сақтамаған кінәлі тұлғаға кері салдарларды жүктеу.

Диспозитивтік қағидаты. Бұл қағидат азаматтық іс жүргізудің қозғалысын, оның пайда болу, даму және тоқтату механизмін негіздейді.

Диспозитивтік қағидатының мазмұны АПК баптарында (8, 22, 46, 48, 51, 55, 152, 169, 170, 171, 174, 179, 181, 225, 401, 407, 409 және т.б.) көрсетілген бірнеше процестік нормалар арқылы ашылып қарастырылады:

Бұл қағидат азаматтық құқық саласы мен азаматтық процестік құқық саласының өзара байланысын анықтайды.

Азаматтық құқық саласының ерекшелігі болып субъектілердің өз құқықтарын өз қалаулары бойынша жүзеге асыруы табылады.

Азаматтар мен заңды тұлғалар өздерінің азаматтық құқықтарына өз еркімен және өз мүддесін көздей отырып ие болады және оларды жүзеге асырады, сондай-ақ егер заңнамалық актілерде өзгеше белгіленбесе, құқықтарынан бас тартады. Олар шарт негізінде өздерінің құқықтары мен міндеттерін анықтауда және оның заңнамаға қайшы келмейтін кез келген талаптарын белгілеуде ерікті (АК 2 б. 2 т.).

Осы қағидаттың мәні материалдық мүддесі бар тұлғалардың (тараптардың, үшінші тұлғалардың) өз мүдделері бойынша өзінің құқықтарына (материалдық және процессуалдық түрде) билік ете алуынан көрініс табады, осының нәтижесінде процестік қатынастардың қозғалысына (динамикасына) ықпал жасалынады.

Қағидаттың мазмұны істе материалдық мүддесі бар тұлғалардың құқықтық өкілеттігін қамтиды. Мұны ғалым Е.В. Васьковский азаматтық іс жүргізуге қатысты азаматтық құқыққа ие тұлғаның жеке құқығынан туындайтын салдар деп есептейді. **Ол мынандай салдарды көрсетіп отыр**²⁶:

1. Азаматтық құқықтардың иесі өз құқығынан өз қалауы бойынша толығымен бас тарта алады, немесе өзінің бұзылған құқығын басқа тұлғаға ауыстыра алады.

Бұл құқық иесінің өзінің бұзылған құқығын қорғау мақсатымен сотқа жүгінуге немесе керісінше жүгінуден бас тартуын білдіреді. Осы ережені рим құқығындағы мұрагерлікке қалған афоризммен түсіндіруге болады. «Ешкім біреудің ықпалы бойынша талап арыз беруге мәжбүрлене аламайды».

Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы осы ережені мынандай нормамен бекітеді: «Азаматтар мен заңды тұлғалар өздеріне берілген азаматтық құқықтарды, соның ішінде өздерін қорғау құқығын өз қалауына пайдаланады» (АК 8 б. 1 т.).

Сонымен, диспозитивтік қағидатқа сәйкес, азаматтық іс жүргізу іске қатысушы тараптардың және үшінші тұлғалардың еріктеріне бағынышты болады.

2. Азаматтық құқықтың иесі соттан сұрайтын қорғау көлемін өз қалауы бойынша бекітеді.

Оны мынандай афоризммен түсіндіруге болады: «сот тараптардың талап қою шегінен шықпауы керек». Бұл ереже Қазақстан Республикасы

²⁶Ярков В.В. Гражданский процесс: учебник для вузов.// -7-е изд., перераб.и допол.// Издательство Волтерс Клувер, 2009.- 784 стр.

АПК нормаларында бекітілген. Талап қоюшы талап қоюдың негізін немесе нысанасын өзгертуге, талап қою талаптарының мөлшерін көбейтуге немесе азайтуға немесе талап қоюдан бас тартуға құқылы. Талап қоюдың негіздемесі мен нысанасын өзгерту, талап қою талабының мөлшерін ұлғайту немесе азайту, талаптан бас тарту жазбаша өтініш беру жолымен жүргізіледі және оларға бірінші сатыдағы сот шешім қабылдағанға дейін жол беріледі. Жауапкер талап қоюды тануға құқылы, бұл жөнінде одан қолхат алынады. Тараптар істі татуласу келісімімен немесе дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісіммен не дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісіммен аяқтай алады, оларға тараптар қол қояды және олар сотпен бекітіледі. Сот өз бастамасы бойынша талап қою нысанасын немесе негіздемесін өзгертуге құқығы жоқ (АПК 48 б.).

Мүддесін білдірген тұлғалар апелляциялық шағымдағы (наразылықтағы) және кассациялық өтініш хаттағы (ұсынымдағы, наразылықтағы) талаптарын өздері белгілей алады (АПК 404, 440, 441 б.б.).

Сонымен, бұл қағидат бойынша сот қызметінің нысанасы (пәні) мүделерін білдірген тұлғалардың еркі бойынша анықталады.

3. Азаматтық құқықтардың иесі іс жүргізуге дейін және іс жүргізуден тыс оған билік ете алады, одан толығымен бас тарта алады, сол себепті іс жүргізу барысында онымен өз қалауы бойынша билік етуге тиым салуға болмайды.

Осыған орай, талап қоюшының жауапкермен келісімге келу және талаптан бас тарту құқығы бар екендігін мойындау қажет.

Қазақстан Республикасының АПК азаматтық істі бірінші сатыдағы сотта қозғағаннан кейін талап қоюшы талап қоюдан бас тарта алатындығын, ал жауапкер талап қоюды мойындай алатындығын, татуласу келісімімен немесе дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісіммен не дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісіммен аяқтай алатындығын бекітеді (АПК 48 б. 1 б., 17 тарау).

Азаматтық құқық жөнінде дауласушы тараптардың осы әрекеттерді жүзеге асыруы іс жүргізудің тәртібіне ықпал етеді, яғни, іс бойынша өндіріс тоқтатылуы мүмкін немесе талап қоюшыға қатысты шешім шығарылуы мүмкін.

Осы құқықтар дау субъектілерінде апелляциялық немесе кассациялық сатыларда да сақталады АПК 410, 447 б.б.).

Сонымен, диспозитивтік қағидатқа сәйкес іс жүргізуді тоқтату және азаматтық істің шешімі материалдық құқықтық қатынас субъектілерінің еріктеріне бағынышты болады.

4. Құқық иесінің қалауы бойынша өз құқықтарын сот арқылы қорғауы немесе қорғаудан бас тартуы шешіледі.

Сол себепті осы мақсатқа қол жеткізетін процестік құралдар оның қалауында болуы тиіс. Ол өзінің қалауы бойынша шешімді жоғарғы тұрған

сатыға шағымдайды немесе соттың шешіміне бағынады, шешімді толығымен мойындайды немесе берген шағымның бір бөлігінен бас тартады.

Қазақстан Республикасының АПК-де соттың әрекеті мен шешімі заңмен белгіленген тәртіп бойынша шағымдайды деп бекітілген. Іске қатысушы тұлғалар заңмен бекітілген тәртіп бойынша жоғарғы тұрған сотқа шағым бере алады (АПК 22 б.).

АПК-і іске қатысушы тұлғалардың сот шешімін апелляциялық немесе кассациялық тәртіпте шағымдау (наразылық келтіру) құқығын (АПК 401 б., 435 б.) және апелляциялық шағымнан немесе берілген кассациялық өтініш хаттан (ұсыныстан, наразылықтан) бас тартуға, кері қайтарып алуға құқықтарын да бекітеді (АПК б.).

Сонымен, аталған қағидатқа сәйкес іске қатысушы тұлғалардың еріктеріне азаматтық іс жүргізудің қозғалысы (бір деңгейден екіншісіне ауысуы) және оның тоқтатылуы бағынышты болады.

Жарыспалылық қағидаты. Бұл қағидат тараптардың заңды мүдделерінің қарама-қайшылығынан туындайды, ал ол өз кезегінде азаматтық іс жүргізуде олардың арасындағы жарысудың (сайысудың) болуын негіздейді. Әрбір тарап сотпен өзі үшін тиімді шешімді қабылдауын өз алдына мақсат етіп қояды. Осыған орай, өздерінің қойған талаптарын дәлелдеуге және негіздеуге міндетті.

Сот істің нақты мән-жайларын анықтау мақсатында өз бастамасымен дәлелдемелер жинаудан толығымен босатылған, бірақ тараптардың уәжді (негізделген) өтінішхаты бойынша оған белгіленген тәртіппен қажетті материалдарды алуға жәрдем көрсетеді (АПК 15 б. 2 б.).

Жарыспалылық қағидаты 3 аспектіде қарастырылуы тиіс:

Бірінші аспектісі іске қатысушы тараптардың және үшінші тұлғалардың дәлелдеу қызметін қамтиды. Дәлелдеу міндеттемесі ең алдымен іс жүргізудегі тараптарға жүктеледі. Әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге тиіс (АПК 72 б.). Тараптар мен іске қатысатын басқа да тұлғалар дәлелдемелерді істі сот талқылауына дайындау сатысында бірінші сатыдағы сотқа өздері ұсынады, тек іске қатысатын тараптар мен басқа да тұлғалар үшін дәлелдемелерді беру қиын болған жағдайда, бірінші сатыдағы сот олардың өтінішхаты бойынша оларға дәлелдемелерді талап етіп алдыруға жәрдем көрсетеді (АПК 66 1 және 4 б.б.). Тараптар дәлелдемелерді ұсынуда және олардың зерттеуде тең құқылы.

Екінші аспекті тараптардың заңды ұстанымымен және сотта осы ұстанымды қорғауда әдіс-тәсілдерді таңдауымен байланысты.

Тараптар азаматтық сот ісін жүргізу барысында өз ұстанымдарын, оны қорғау тәсілдері мен құралдарын өз бетінше және соттан, басқа органдардан, іске қатысатын басқа да адамдардан тәуелсіз дербес таңдайды (АПК 15 б. 2 т.). Тараптар өз ұстанымдарын өзгерткен кездің

өзінде де (талап қоюшы талап арызынан бас тартады, қойылған талаптармен келіспеген жауапкер кейінен талапқа келісім білдіреді) оны өзгертуді тек олардың өздері жүзеге асырады.

Үшінші аспект іс жүргізу нысанымен байланысты. Азаматтық сот ісін жүргізу тараптардың жарысуы негізінде жүргізіледі (АПК 15 б. 1 т.). Толығымен басынан аяғына дейін жарыспалылық нысан қолданылады. Тараптар дәлелдемелерді ұсыну, оларды зерттеуге қатысу, сот жарыссөздеріне қатысу арқылы сайысқа түседі.

Тараптардың тең құқықтылығы. Бұл қағидат материалдық (азаматтық, отбасылық, еңбектік және т.б.) құқықтық қатынас субъектілерінің (құқықтық жағдайының) теңдігіне және тараптардың процестік құқықтары мен міндеттерінің теңдігіне сүйенеді (АПК 15 б. 1 т.).

Даулы материалдық құқықтық қатынастардың субъектілері өз құқықтары мен міндеттерін қорғау үшін тең процестік мүмкіндіктер берілген іс жүргізудегі тараптар болып табылады.

Аталған қағидат жарыспалылық қағидатымен бір бапта бекітілген. Қағидаттың мазмұны төмендегі белгілерді қамтиды:

1) тараптар тең процестік құқықтарды иемденеді және тең процестік міндеттерді жүзеге асырады, сот шешімді тараптардың әрқайсысы бірдей негізде зерттеуге қатысуы қамтамасыз етілген дәлелдемелерге ғана негіздейді;

2) істі талқылайтын сот объективтілікті және бейтараптылықты негізге ала отыра процеске басшылықты жүзеге асырады, істің мән-жайларын толық және объективті зерттеуге арналған тараптардың процестік құқықтарын жүзеге асыру үшін қажетті алғышарттарды жасайды, іске қатысушы тұлғаларға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді, процестік әрекеттерді жүзеге асыру немесе жүзеге асырмаудың салдарын ескертеді;

3) сот тараптардың АПК белгіленген процестік құқықтарын жүзеге асыруға жәрдем көрсетеді;

4) сот тараптарға тең және құрметтеу қарым-қатынасында қарайды.

Сотта істі талқылаудың тікелейлігі және ауысшалығы. Сот ісін жүргізудің тікелейлігі мен ауысшалығы АПК 186 бабында бекітілген.

Бұл қағидат іс бойынша дәлелдемелерді сотпен қабылдаудың тәсілін анықтайды. Осы қағидатқа орай сот іс бойынша өз шешімін сот отырысында тексерілген және зерттелген дәлелдемелерге негіздеу қажет. Сот дауды шешу үшін қажетті фактілер туралы мәліметтерді бастапқы қайнар көздерден алуға ұмтылуы (бірақ олардан алынған құжаттардың көшірмесі немесе үзінділері жоққа шығарылмайды) міндетті.

Тікелейлік қағидатының барлық талаптарын сақтай отыра дәлелдемелерді зерттеу – іс бойынша мән-жайлар жөніндегі дұрыс білімдерге қол жеткізудің тиімді тәсілі. Дәлелдемелер қайнар көзімен тікелей байланысқа түсе отыра, іске қатысушы тараптардың және іс жүргізудің басқа қатысушыларының түсіндірмесін тыңдай отыра судья

ұсынылған материалдар мен аталған тұлғалардың түсіндірмесіне ықпалды, әрі белсенді тексеру жүргізуге мүмкіндік алады.

Сот ісін жүргізудің тікелейлігі қағидатына сәйкес, сот іс пен дауды талқылаған және шешкен кезде іс бойынша дәлелдемелерді тікелей жеке өзі зерттеуге міндетті. Сот істі талқылауда (оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатын істерді қоспағанда) тараптардың және іске қатысатын басқа да тұлғалардың түсініктемелерімен, куәлардың айғақтарын, сарапшылардың қорытындыларын, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қорытындыларын тыңдауы, құжаттармен танысуы, заттай дәлелдемелерді қарап шығуы, дыбысжазбаларды тыңдауы және бейнежазбаларды, киноматериалдарын, фотоматериалдарды көруі, ақпаратты түрлендірудің өзге де құралдарының материалдарымен танысуы тиіс. Егер қажет болса, сот іс бойынша дәлелдемелерді зерттеген кезде маманның консультациялары мен түсіндірмелерін тыңдайды (АПК 186 б. 1 т.).

Азаматтық іс жүргізу 2 негізгі бастаудың үйлесуі негізінде құрылады: **ауызшалығы және жазбашалығы**. Бұл үйлесімде дәстүрлі түрде басымдық ауызшалыққа беріледі. Іске қатысатын тараптарға, сотқа және басқа қатысушыларға өз қатынастарын және процестік әрекеттерді жүргізуді жазбаша нысанда бекітуге тура келетіні анық, сондықтан істі ауысша талқылау сот отырысын құжаттандыруға тиым салмайды, тіпті кейбір процестік әрекеттер жазбаша жүргізіледі немесе жазбаша рәсімделуді талап етеді.

Азаматтық процестік құқықта сотқа, тараптарға және іс жүргізудің басқа қатысушыларына процестік әрекеттерді ауызша нысанда жүргізуді міндеттейтін нормалар көзделген, яғни, ауызша тіркеу қағидаты. Атап айтқанда, сот отырысы ауызша жүргізіледі (АПК 186 б. 2 т.). Сот отырысының төрағасы ауызша нысанда соо отырысын ашады, қандай іс талқыланатынын хабарлайды; сот отырысының хатшысы іс жүргізуге қатысушылардың келуін тексереді; сот тараптарға, іске қатысушыларға олардың құқықтары мен міндеттерін ауызша түсіндіреді. Іске қатысатын тараптар мен басқа да тұлғалардың түсініктемелері, куәлардың айғақтары, сарапшылар мен мамандардың қорытындылары, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қорытындылары ауызша немесе арқылы бейнеконференцбайланыс тыңдалады. Іс жүргізіге қатысушы барлық тұлғаларға да сұрақтар ауызша қойылады және хаттамамен бекітіледі.

Ауызшалық маңызды тәжірибелік мәнге ие. Тараптардың өзара және сотпен тікелей сөйлесуі іс жүргізуде дұрыс білімге қол жеткізуге мүмкіндік туғызады, іс бойынша дәлелдемелерді көріп білуді және заңды, әрі негізді шешім шығаруды жеңілдетеді. Ауызша нысан дауды шешу барысындағы тараптар жарысуының тиімділігін арттырады.

Жоғарыда қарастырылғандардың негізінде мынандай тұжырымдар жасауға болады:

Біріншіден, азаматтық процестік құқығы қазақстандық құқық салаларының ішіндегі азаматтық-құқықтық істер бойынша сот пен іске қатысушы тұлғалардың арасында пайда болатын қоғамдық қатынастарды реттейтін нормалардың жиынтығынан тұратын бір тұтас дербес құқық саласы болып табылады.

Екіншіден, азаматтық процестік құқығы өзара байланысты 3 тұрғыда қарастырылады: 1) заңнаманың саласы ретінде; 2) ғылым ретінде 3) оқу пәні ретінде.

Үшіншіден, азаматтық процестік құқығының пәні болып азаматтық сот ісін жүргізу саласындағы азаматтық іс жүргізу субъектілерінің арасында туындайтын қоғамдық қатынастар табылады.

Төртіншіден, азаматтық процестік құқығының барлық нормалары олар көрініс табатын қайнар көздерге қарамастан өзара байланысты және қатаң логикалық жүйені құрайды.

Бесіншіден, азаматтық процестік құқығы мемлекетіміздегі барлық құқық жүйесінің құрамдас элементі ретінде басқа көптеген құқық салаларымен толассыз өзараәрекеттеседі.

Алтыншыдан, соттың азаматтық істі талқылау және шешу бойынша қызметі Азаматтық процестік кодексімен реттеледі. АПК азаматтық процестік нормаларының ең басты қайнар көзі болып табылады. Азаматтық сот ісін жүргізудің тәртібін реттейтін басқа нормативтік құқықтық актілер кодекске сәйкес қабылданады және қайшы келмеуі тиіс.

Жетіншіден, мемлекетіміздің құқықтық жүйесі әрдайым дами түскен сайын, азаматтық процестік құқық саласы да бір орында тұрмайды. Азаматтық процестік құқығы бұл жүйенің бір элементі болып табылады және ол да әрдайым дамып отырады. Құқық саласының дамуы азаматтық құқықтар мен босатандықтарды қорғаудың кеңеюі арқасында азаматтардың құқықтық қорғалуын арттыруға септігін тигізеді.

Сегізіншіден, азаматтық процесте болып жатқан үрдістер осы саланың ғылымына ықпал етеді. Азаматтық процестік құқығының ғылымына азаматтық істер бойынша сот ісін жүргізу саласындағы барлық заңнамалық жаңарулар мен өзгерулерді зерделеуді әрдайым жүзеге асыру қажет болады және осы арқылы сот билігін нығайтып, азаматтық процестің іс жүргізудің қазіргі таңдағы одан әрі дамуына жәрдемдесуі керек.

3. ІІО кызметкерлерімен азаматтық процесік

кұқығын оқудың маңызы.

Ішкі істер органдарының кызметкерлері өздерінің құқықтық жағдайы бойынша азаматтық мемлекеттік кызметшілерден де, әскери кызметкерлерден де айырмашылықтары бар. Олардың еңбегін құқықтық реттеу объективтік себептерге байланысты белгілі бір ерекшеліктерге ие.

Бір жағынан, құқыққорғау саласындағы мемлекеттің функциялары мен міндеттерін іске асыру бойынша биліктік уәкілеттіктерге ие лауазымды тұлғалар ретінде олар мемлекеттік-кызметтік құқыққатынастар сипатына ие болатын әкімшілік, қылмыстық іс жүргізу және басқа да жария құқық салаларының нормаларымен реттелетін сыртқы да және ішкі де мемлекеттік-кызметтік қатынастардың қатысушылары болады. Мемлекеттік-кызметтік қатынастарды реттеудің әдісі (әкімшілік, императивтік әдіс) барлығына белгілі. Тек бұл қатынастардың әдетте, оған түсушілердің көлемі мен бағыты жағынан әр түрлі мемлекеттік биліктік уәкілеттіктерге ие болатын ерекше бір белгісін атап өту қажет. Бұл ерекшелік Ішкі істер органдары кызметкерлерінің кәсіби кызметтік қатынастарын реттейтін тиісті нормативтік-құқықтық актілерде, яғни, Қазақстан Республикасының заңдары, Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулылары, бұйрықтар, ережелер, нұсқаулар, нұсқаулықтар және Қазақстан Республикасының ІІМ басқа да нормативтік-құқықтық актілерінде көрініс табады.

Екінші жағынан, Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдары жүйесінде мемлекеттік кызметтің түрі бойынша өздерінің еңбек ету құқықтарын іске асырушы азаматтар ретінде ішкі істер органдарының кызметкерлері барлық белгілері бойынша азаматтық процесік қатынастар ұғымына сай келетін соттық қорғану, мемлекеттің мүддесін білдіру, азаматтық процеске қатысу, сотты талап қоюшы мен жауапкер, арызданушы, үшінші тұлға болу бойынша ерекше азаматтық процесік (кызметтік) қатынастарының қатысушылары болады. Азаматтық процесік құқығының нормаларымен реттеудің нәтижесінде Ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрам тұлғаларының қатынастары азаматтық процесік (кызметтік) қатынастар нысанына ие болады.

Кызметкерлер құқығын соттық қорғау. Ішкі істер органдары кызметкерлерінің кызметтік-еңбек қатынастарының мазмұнын құрайтын олардың субъективтік құқықтарын қорғау екі нысанда жүзеге асырылады:

- соттық;
- соттан тыс.

Бірінші түріне соттық қорғау, ал екіншісіне әкімшілік-құқықтық, яғни, өз құқықтарын қорғау үшін кезектілігі бойынша жоғары тұрған бастықтардан бастап Қазақстан Республикасының ішкі істер министрiне дейін жүгіну жатады. Тiпті зерттеулердің бірінде соттан тыс қорғау нысанына ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамын қоғамдық-құқықтық қорғау мен өзін-өзі қорғау нысандарын да жатқызу

туралы ұсыныс айтылған болатын. Алайда, қарапайым қызметкерлерге қарағанда ішкі істер органдары қызметкерлерінің өзін-өзі қорғау құқығы заңмен шектелген.

Сонымен қатар, ішкі істер органдары қызметкерлерінің жеке еңбек дауына оларды шешудің заңмен бекітілген тәсілдерін қолдану арқылы тану құқығын қоса алғанда соттық қорғану құқығы Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдендірілген. Мұның өзінде туындайтын іс жүргізу құқыққатынастарының түрі дауға байланысты емес, оны қарастыратын органға байланысты. Егер дауды жоғары тұрған бастық шешетін болса, онда әкімшілік іс жүргізу, яғни, билік пен бағыну құқыққатынастары туындайды, ал егер дау сотта қарастырылатын болса, онда тараптардың теңдігіне негізделген азаматтық процестік құқығының нормаларымен реттелген азаматтық іс жүргізу құқыққатынастары туындайды.

Азаматтық процестік құқығында ішкі істер органдары қызметкерлерінің қатысуымен болатын қызметтік-еңбек дауын қарастыруды реттейтін арнайы норманың болмауына байланысты еңбек дауын қарастыру туралы жалпы іс жүргізу нормалары қолданылады.

Дауды мәні бойынша шешу барысында соттар материалдық құқық нормаларын басшылыққа алатыны баршаға мәлім. Осыған байланысты ішкі істер органдары қызметкерлерімен берілген талап арыздар бойынша дауларды соттармен қарастырудың ерекшелігі болып назарға тек ішкі істер органдарында қызмет өткерудің тәртібі мен жағдайларын реттейтін нормативтік құқықтық актілер ғана алынбайды, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының ЕК нормалары да алынады. Мысалы, тәжірибеде ішкі істер органының қызметін тоқтату немесе қайтаұйымдастыру кезінде шататты қысқарту бойынша ішкі істер органы қызметкерін жұмыстан босату барысында жоғары да аталған қай заңның нормаларын қолдану керек деген сұрақ жиі кездеседі.

Ішкі істер органдарының қызметкерлері мемлекеттік қызметкер болуына және ЕК қарағанда «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңы штатты қысқарту бойынша жұмыстан босату кезінде орташа жалақысын төлеудің едәуір жеңілдігі бар тәртібін бекітуіне байланысты осы тәртіпті ішкі істер органдары қызметкерлеріне де қолданған жөн.

Сонымен қатар, «Құқыққорғау қызметі туралы» Заңы да және «Ішкі істер органдары туралы» Заңы да ішкі істер органында еңбек дауы туралы комиссияны құруды қарастырмайтынына байланысты оларды реттеудің сотқа дейінгі тәртібін сақтай отыра қарастырылуы керек даулар, мысалы, үстеме және демалыс күндері мен мереке күндері үшін төленетін өтем ақылар туралы даулар тікелей сотта қарастырылады.

Осылайша, ішкі істер органдарындағы қызметтік немесе одан тыс қатынастарды құқықтық реттеу кешенді сипатқа ие, себебі, оларды құқықтық реттеу Қазақстан Республикасының ІІМ жүйесіндегі қызмет туралы әкімшілік заңнама, мемлекеттік қызмет туралы заңнама, еңбек және азаматтық іс жүргізу заңнамасы нормаларымен жүзеге асырылады.

Қорытынды

Жоғарыда қарастырылғандарды қорытындылайтын болсақ, келесі тұжырымдарға қол жеткіземіз:

Біріншіден, азаматтық іс жүргізу құқығы Қазақстандық құқық салаларының ішіндегі азаматтық-құқықтық істер бойынша сот пен іске қатысушы тұлғалардың арасындағы пайда болатын қоғамдық қатынастарды реттейтін нормалардың жиынтығынан тұратын бір тұтас дербес құқық саласы болып табылады.

Екіншіден, азаматтық іс жүргізу құқығы өзара байланысты үш тұрғыда қарастырылады: 1) заңнаманың саласы ретінде; 2) ғылым ретінде 3) оқу пәні ретінде.

Үшіншіден, азаматтық іс жүргізу құқығының пәні болып азаматтық сот ісін жүргізу саласындағы азаматтық іс жүргізу субъектілерінің арасында туындайтын қоғамдық қатынастар табылады.

Төртіншіден, азаматтық іс жүргізу құқығының барлық нормалары олар көрініс табатын қайнар көздерге қарамастан өзара байланысты және қатаң логикалық жүйені құрады.

Бесіншіден, азаматтық іс жүргізу құқығы мемлекетіміздегі барлық құқық жүйесінің құрамдас элементі ретінде басқа көптеген құқық салаларымен толассыз өзараәрекеттеседі.

Алтыншыдан, соттың азаматтық істі қарастыру және шешу бойынша қызметі Азаматтық іс жүргізу кодексімен реттеледі. АІЖК азаматтық іс жүргізу нормаларының ең басты қайнар көзі болып табылады. Азаматтық сот ісін жүргізудің тәртібін реттейтін басқа нормативтік құқықтық актілер кодекске сәйкес қабылданады және қайшы келмеуі тиіс.

Жетіншіден, мемлекетіміздің құқықтық жүйесі әрдайым даму үстінде. Азаматтық іс жүргізу құқығы бұл жүйенің бір элементі болып табылады және ол да әрдайым дамып отырады. Құқық саласының дамуы азаматтық құқықтар мен босатандықтарды қорғаудың кеңеюі арқасында азаматтардың құқықтық қорғалуын арттыруға септігін тигізеді.

Сегізіншіден, азаматтық іс жүргізуде болып жатқан үрдістер осы саланың ғылымына ықпал етеді. Азаматтық іс жүргізу құқығының ғылымына азаматтық істер бойынша сот ісін жүргізу саласындағы барлық заңнамалық жаңарулар мен өзгерулерді зерделеуді әрдайым жүзеге асыру қажет болады және осы арқылы сот билігін нығайтып, азаматтық іс жүргізудің қазіргі таңдағы одан әрі дамуына жәрдемдесуі керек.

Қолданылған нормативтік-құқықтық актілер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылғы 30 тамыз Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». 2014 жыл 17 қаңтар.Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
3. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат Тұжырымдамасы» 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығы // 2009 ж. Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
4. Қазақстан Республикасының азаматтық процестік кодексі. 2015 жылғы 31 қазан Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
5. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (Жалпы бөлім). 1994 ж. 27 желтоқсан. (2016.04.21. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
6. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім). 1999 ж., 1 шілде. (2016.09.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
7. Қазақстан Республикасының еңбек кодексі. 2015 ж., 23 қараша. Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
8. Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексі, (2016.01.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
9. Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2009 жылғы 18 қарашадағы Кодексі, (2016.21.04. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
10. Қазақстан Республикасының Орман кодексі. 2003 ж., 8 шілде. (2016.08.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
11. Қазақстан Республикасының Жер кодексі. 2003 ж., 20 маусым. (2016.08.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
12. Қазақстан Республикасының Су кодексі. 2003 ж., 09 шілде. (2016.08.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
13. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі. 2007 жылғы 9 қаңтар. (2016.25.04. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).

14. Қазақстан Республикасының Салық кодексі. 2008 жылғы 10 желтоқсан. (2016.28.04. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).

15. Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік кодексі. 2015 жылғы 29 қазан. (2016.09.04. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).

16. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» конституциялық Заңы. 2000 ж. 25.12. (2015.04.12. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).

17. Қазақстан Республикасының «Ішкі істер органдары туралы» 2014 жылғы 23 сәуірдегі Заңы. (2016.29.03. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).

18. Қазақстан Республикасының «Сотта азаматтық істерді қарау кезінде жариялылық принципін сақтау туралы» Жоғарғы сотының 28 қазаңдағы 2005 жылғы № 5 нормативтік қаулысы (2012.29.12. берілген өзгерістермен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).

Қолданылған әдебиеттер

1. Ильясова Г.А. Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу құқығы. Оқу құралы. Жалпы бөлім. 2008.

2. Ильясова Г.А. Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу құқығы. Оқу құралы. Ерекше бөлім. 2008.

3. Егембердиев Е.О. Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы. Оқу құралы. – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2003 ж.

4. Қамбарова, Н.Ш. Азаматтық іс жүргізу құқығы: Электрондық оқу құралы. Альбом-кесте/Н.Ш.Қамбарова.-Алматы:НӘР-ПРЕСС,2009.

5. Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан. Оқулық. Алматы: ҚазМЗА, 2001 ж.

6. Гражданский процесс. М.К.Треушникованың редакциясында. Оқулық –М., 2000.

7. Викут М.А., Зайцев И.М. Гражданский процесс России: Оқулық. – М.: Юристь, 1999.

8. Гражданский процесс. Оқулық / В.А. Мусинаның, Н.А.Чечинаның, Д.М.Чечотаның редакциясында. – М.: ТОО «Фирма ГАРДАРИКА», 1996.

9. Гражданское процессуальное право России: Оқулық/ М.С.Шакарянның редакциясында. – М.: Юрист, 2002.

10. Лапин Б. О судебной системе и статусе судей Республики Казахстан (заң талдауы) //Правовая реформа в Казахстане.№4, 2001.